

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН - РЕСЕЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Оспанбекова Наиля Қуанышбайқызы

ТІЛМЕ

Этиология, таралуы, патогенез, клиника, классификация,
дифференциальдық диагностика, емдеу, профилактика

(оку күралы)

Алматы, 2023 жыл

УДК616.98 (075.8)

ББК51.1я73

0-75

ISBN 978-601-7395-07-0

Рецензенттер: А.К.Катарбаев – д.м.н., С.Ж. Асфендтяроватындағы ҚазҰМУ, балалар жұқпалы аурулар кафедрасының менгерушісі

Л.Б. Сейдуллаева – к.м.н, КРМУ жұқпалы аурулар кафедрасының доценті

ISBN 978-601-7395-07-0

0-75 Оспанбекова Н.К. Тілме: оку құралы/Н.К.Оспанбекова. – Алматы,

2023.- 78 б.

Оку құралында Қазақстандағы тілменің өзекті мәселесіне ерекше назар аударылған. Тілменің эпидемиологиясы, таралуы, клиникасы, жедел және қайталамалы түрі сипатталған. Тілме терінің зақымдауымен өтетін аурулармен салыстырмалы диагностикасы, тілменің түрлі формаларын емі алду жолдары, тілме анықтамасының стандарттары баяндап алған.

Оку құралы дәрігер инфекционисттерге, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге, хирург, терапевт, медициналық жогары оку орнының білім алушыларына арналған .

ББК51.1я 73
ISBN 978-601-7395-07-0

Қазақстан - Ресей медициналық университетінің оку Ғылыми кенесінен
баспадан шығаруға рұқсат етті

№2 хаттама, «**20**» «**09**» 2023 жыл

© Оспанбекова Н.К., 2023

Мазмұны

1. Кіріспе. Тарихи шолу.....	5
2. Этиологиясы.....	6
3. Эпидемиологиясы.....	7
4. Патогенезі.....	8
5. Тілменің клиникалық көрінісі.....	13
6. Асқынулары.....	28
7. Зертханалық диагностикасы.....	30
8. Салыстырмалы диагностикасы.....	30
9. Емі	50
10. Диспансеризациясы.....	54
11Адын алу шаралары.....	55
11. Тапсырмалар, тесттер.....	59
12. Иллюстрациялық материалдар.....	74
12. Қолданылған әдебиеттер тізімі	80

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШАРТТЫ АТАУЛАР

УФӨҚҚ	- ультрафиолетпен өнделген қанды қайтадан құю
ҚҚЖАА	- калалық клиникалық жүкпалы аурулар аурұханасы
ИИБС	- индуктор интерферонының бактериалдысұйықтығы
ИК	- иммундық кешендер
ЖИА	- жүректің ишемиялық ауруы
ИФА	- иммуноферменттік анализ
ЛПС	- липополисахарид
ҚЖА	- қанның жалпы анализі
ЗЖА	- зәрдің жалпы анализі
АТС	- А тобының стрептокогы
ЭТЖ	- эритроциттердің тұну жылдамдығы
СД -4	- (T – хелперлер)-лимфоциттер, СД 4 экспрессорлары
ТТК	- токтүзеуші жасушалар /В-лимфоциттер/ рецепторлары
СТШС	- стрептококкты токсикалық шокты синдром
ЦИК	- иммундық кешенді айналымы
УДЗ	- ультрадыбыстық зерттеу
ОКТ-4/ОКТ-8	иммуннорегуляторлы коэффициент, Т-хелперлер және Т-супрессорлердің катынасын сипаттайды.
CD – 8	- (T – супрессорлар)
CD-16	- (табиги киллерлер)
CD-72	- (B – лимфоциттер)
СРБ	- С реактивті белок
ЭКГ	- электрокардиография

Kіріспе

Тілме (Erysipelas) - этиологиясы стрептококк болып табылатын, инфекциялық жүкпалы ауру. Оның негіздегиперергиялық қабыну реакциялары, айқын эксудатты көріністермен ерекшеленетін, гиперемия, қабыну үдерісінә экстенсивті жайылуы, яғни, қабыну үдерісінің терінің ұлкен аймактарына шектен тыс тарапалуы және бір анатомиялық аймактан тыс шығуы және өзін шектеуінің әлсіз болуымен көрінеді.

Соңғы жылдары жалпы токсикалық синдромның басымдылығымен, ИТШ дамуымен жүретін, ауыр ағыммен ауыратын науқастар саны артты. Сонымен катар, тілменің геморрагиялық формасы және ірінді аскынулары да жиіледі. Аурудың кайталамалы және рецидивті түрі 35-45% жағдайда науқастың ұзак уақыт жұмыска жарамсыздығына әкеледі. Аурудың созылмалы – рецидивті түрінде тамыр патологиясы дамиды, яғни пілділік және мұғедектікке әкелетін лимфостаз. Тілме кезінде инфекцияның біріншілік «кіру қакпасы» тері микрожаракаты немесе эндогенді инфекцияның өршүі арқылы дамиды, ал анықтаушы фактор иммунитеттің жағдайы болып табылады.

Тілменің ерекшелігі - тілме инфекциясының бірінші түрімен ауырған науқастың 50% нан көбінде тұракты стерильді иммунитет қалыптаспайды. Стрептококқа қарсы жоғарғы сезімталдылықтың ұзак сакталуы аурудың рецидивті ағымына әкеледі. Тілмелік қабыну кезінде, адам ағзасында қоздырыштың ұзак уақыт персистенциясы, иммундық жүйеде дисбаланс тудырады. Тілме кезіндеекіншілікиммундық жетіспеушілік болады, яғни аутоиммунды үрдістер дамиды, А және M класының иммуноглобулиндерінің титрі төмендейді.

Аурудың рецидивті түрімен ауырған науқастардың статус тәртібідәреже ерекшелігі, гемолитикалық стрептококк антигеніне, ағзадағы арнайы иммунологиялық қайта қалыптасуға негізделген. Бұл - ерте реконваленценция

сатысында сакталатын нольдік жасуша және комплементарлы рецепторлы В – лимфоцит мөлшерінің жогарылауы, тұракты Т – лимфопения. Тілменем ауыратын наукастарда кабыну үдерісі, терінің емізік және торлы кабатында орналасады. Ол жерде қантамырлар, геморрагиялар, некроздарзакымдануының негізгі себебі, иммунопатологиялық үрдістер болып табылады. Сондықтан ауруды емдеу барысында иммунотерапияға айрықша назар аудырылады.

Аурулар мен проблемалардың Халыкаралық статистикалық классификациясында, денсаулығына байланысты оныншы ревизияның (МКБ-10) тілме A46 кодымен көрсетілген.

Тарихи мәліметтер

Көне Грекияда Erysipelas түсінігі - терідегі әртүрлі себепті кабыну үдерісін білдірген. Гиппократ тілмені тек теріні ғана закымдайтын ауру деп қарамаған, сонымен катар закымдалған ошакқа қан құйылумен болатын ішкі ағзалардың закымдалуын айткан. Аурудың қоздырғышы стрептококты – тілмелік кабыну ошағының лимфа тамырынан және теріасты май кабатынан 1882 жылы Фелезейн аныктаған. Фелезейн тілме қоздырғышы арнайы тілмелік стрептококк деген тұжырымға келеді, оны Р.Кох дәлелдеді. Ұзақ жылдар бойы тілме өлім жітімділікпен және қауіпті асқынулармен өтетін ауыр эпидемиологиялық ауру болып саналады. Э.А.Гальперин және В.Л.Черкасов Кенес Өкіметі кезінде тілменің мәселелерін зерттеуге үлкен үлес коскан. Қазіргі кезде ғалымдардың пайымдауынша, тілме шағын контагиозды спорадикалық ауру болып есептеледі.

Оқу күралының мақсаты: – оқу курсының мазмұнын барынша толық көрсету, алған білімдерін бекіту және оларды колдану дағдыларын дамыту, накты есептерді шеше білу. Терапияның жаңа әдістерін колдануды клиникалық-патогенетикалық негіздеу арқылы тілмені емдеудің тиімділігін арттыру, аурудың қайталану жиілігін азайту, реконвалесценттерді клиникалық тексеруді онтайландыру және аурудың ағымын болжауды жақсарту.

Таралуы

Тілме кең таралған ауру. В.М.Фролов мәліметтері бойынша жұқпалы аурулардың ішіндегі ЖРВИ, вирусты гепатит және дизентериядан кейінгі төртінші орынды алады. Тілме ауруымен әр адам аурып қалуы мүмкін, соның ішінде балалар да бар, бірақ көбінесе егде жастағы адамдар жи ауырады.

Этиологиясы

Тілме этиологиясының негізгі ролін А тобындағы стрептококк тудырады (син: β-гемолитикалық стрептококк, *Streptococcus pyogenes*). Қоздырғыш адам ағзасынан тыс жерде тұракты, құрғакқа және тәменгі температураға төзімді, 56°C температурада 30 минутта қыздырғанда өледі. Стрептококтың ағзага, тіндерге патогендік әсері, оның клетка қабырғасындағы токсиндерінің, ферменттердің, антигендердің биологиялық әсеріне байланысты. А тобы стрептокогының клеткалық қабырғасы үш кабаттан тұрады. Қабырғаның беткей қабаты - арнайы және арнайы емес антигендері бар акуыздан тұрады. Ортаңғы қабат - гаптен болатын арнайы топтық полисахаридтен тұрады.

Ішкі қабаты – пептидогликандардан құралған. Клетка қабырғасының сыртқы бөлімінің акуызды қабатының астында топтық А-полисахарид орналасқан. Ең бастысы, А-полисахарид стрептококк тимустың эпителиальды клеткасына және адам терісі эпидермисі антигенмен айқаса әсерлесу антигеніне ие. Стрептококтың А-полисахариді тіндерді закымдайды, сонымен катар, стрептококты инфекцияның патогенезінде маңыздылығы бар лизосомалыды жүйеге әсер етеді.

Стрептококк клетка қабырғасының беткейлік акуыз қабатының маңызды компоненті M-протеин болып табылады. Басқа стрептококтың арнайы турлік антигені Т-антigen болып табылады. Ол протективті антиген емес және ол антигенге қарсы антиденелер стрептококтан қорғануды қамтамасыз етпейді.

Эпидемиологиясы

Тұмай, вирусты гепатит және дизентерия сиякты аурулардан кейінгі балалар арасында 1000 баланың 1-2-де, ересектер арасында 1000 адамның 12-20-да жиі кездесетін ауру.

Аурудың көзі – стрептококты инфекциямен ауыратын наукас немесе тасымалдаушы адам. Тілме кезінде контагиоздылық манызды емес. Ауру спорадикалық жағдай түрінде тіркеледі. Тілме экзогенді және эндогенді стрептококты инфекцияның өршуі деп саналады. Тілме жасқа, жыныска байланысты емес, дегенмен, көбінесе ересек жаста (50 және одан үлкен) және әйел адамдарда жиі кездеседі.

Аурушандылық жылдың барлық мезгілінде кездеседі, дегенмен, жаз-күз айларында наукас саны біршама артады.

Инфекция терідегі микрожаракаттар арқылы (жаракаттар, базданған жерлер, жарыктар), мұрынның, жыныс мұшелерінің шырышты кабаттары арқылы енеді немесе ауру эндогенді инфекцияның өршуінен дамиды. Созылмалы тонзилит және басқа стрептококкты инфекциялары бар адамдарда тілме 5-6 ретке дейін жиі кездеседі. Бет тілмесінің дамуына алып келетін факторларға, ауыз куысының созылмалы аурулары, кариес, ЛОР-ағзаларының аурулары жатады. Кеуде торшасының тілмесі лимфодема, лимфовенозды жетіспеушілік, әр түрлі генезді ісіктер, табандардың микоздары, трофикалық бұзылыстар кезінде жиі кездеседі.

1980 жылдарга дейін тілменің клиникалық көрінісі орташа ауырлықтағы және женіл түрлерінің басым болуымен ерекшеленгенін атап өту керек, бірақ соңғы он жылдықта инфекциялық–токсикалық және геморрагиялық синдромдардың дамуымен жүретін аурудың ауыр формаларының жоғарылағандығы анықталған.

Патогенезі

Стрептококк - адам ағзасының шартты патогенді флорасы болып табылады, бірақ барлығында тілме дами бермейді. Кейбір адам ағзасында стрептококка карсы генетикалық детерминирленген реакция бар. Страфилакоктар сияқты, стрептококтар да адам терісінде, шырышты қабықта калыпты сакталады және жергілікті және жалпы иммундық реакцияларға тұрақты антигендік стимул тудырады. Бірақ тілмені тудыратын А тобындағы стрептококтың (АТС) алтынды стрептококтанерекшелігі, терінің калыпты флорасының компоненті емес, теріде патологиялық өзгерістер табылғанда АТС теріні басып алады.

Тілме патогенезінің маңызды бір факторына - гемолитикалық стрептококқа карсы баяулаған типті гиперсезімталдықтың түзілуін жатқызады, ол созылмалы рецидивтік ағымды түсіндіреді. Патологиялық процестің тағы бір ерекшелігі - стрептококтың жергілікті біріншілік репликациясы мен оның ағзада таралуы. АТС-та көп мөлшерде сыртқы ортага секреттелетін, биологиялық белсенділігін көн спектрлі байланыстыруышы тін бар. АТС патогендік факторының жиынтығы элі сипатталмаган. Терінің бұрынғы тілмелік қабыну орнында немесе аймақтық лимфа түйіндерінде созылмалы стрептококты инфекцияның ошағы түзіледі. Рецидивті тілменің патогенезінде иммунитеттің төмендеуі және стрептококқа жоғары аллергизацияға үлкен мән беріледі. Екіншілік иммунодефицит калыптасады.

Кеш рецидивтер стрептококтардың жана серологиялық түрімен реинфекция нәтижесінде дамиды. А тобының стрептокогы терінің лимфа тамырларына ене отырып интенсивті түрде көбейеді, ол терінің барлық катпарында серозды немесе серозды геморрагиялық қабыну тудырады. А тобындағы стрептококтың өмір сүру және өлу процесінде көп мөлшерде токсиндер өндіреді. Өндірген токсиндері мен ферменттері агрессия интоксикация дамуын тудыратын, қызба және жергілікті закымдау факторы болып табылады. АТС тікелей закымдаумен коса, коздырғыш аяқталған фагоцитоздан гуморалдық иммунитеттің жою әсерінен құтылуына мүмкіндік беретін депрессорлық әсер көрсетеді. Терінің

микрожараларына инфекция енгенде немесе эндогенді инфекция өршігенде тілме дамиды.

Рецидивті тілменің пайда болуында стрептококктар тудыратын ағза аллергиясына көп мән беріледі. Рецидивті тілмеде біріншілік тілмеге қарағанда қанның гистоаминопектикалық индекстің бірден төмендеуі байкалады. Ол ағзаның аллергиялық қайта құрылу көрсеткіші болып саналады.

Рецидивті тілменің глюокортикоидтар арасындағы және минералокортикоидтар арасындағы карым-катынастың өзгеруінен көрінетін гипофиздік бүйрекасты жүйесінің бұзылу қасиеті бар. Бір уақытта рецидивті тілменемен ауыратын науқастарда альдестерон экскрециясы күшейеді және пропердин титрі басқа инфекциялық аурудағы (ревматоидты артрит, созылмалы тонзиллит, ревматизм) төмендейді. Осының бәрі кейін де, аллергияның дамуында ағзаның корғану күшінің төмендеуіне, теріде қоздырғыштың созылмалы ошағының дамуына, лимфоайналымының терең бұзылуына әкеледі. Тілме ауруының рецидиві сенсибилизденген ағзаның инфекция ошағында дамиды

Адам ағзасы өмір ағымында осы қоздырғышпен бірнеше рет кездеседі, сондықтан жастың үлкеюімен А тобының стрептококк сенсибилизация деңгейі де үлкейеді. Осы позициядан тілме ауруымен ересек және карт адамдар жиі, балалардың сирек ауыруы түсінікті факт болып келеді.

Тілменің пайда болу себептері




1 - Сурет. Тілменің дамуына әкелетін факторлар

А тобының стрептококтарының L-формасы ағзада бос жағдайда тінде орналаскан немесе айналымда болатын иммунды комплекс құрамында жүреді (әсіреле байланыстыруыш құрамында). Тілменің рецидивті түрімен ауыратын наукастарда терісінің қабыну ошағының биоптатының иммунофлюоресценция реакциясында АТС-ның L-формасы анықталған. Олардың қабыну ошағында пайда болуы аурудың ағымы мен антибактериалды еміне байланысты. АТС-ның фагоцит ішінде табылуы аяқталмаган фагоцитозды білдіреді. Басқа сөзben айтқанда, коздырғыштың жасуша ішінде тіршілік етуі, қабыну процесінің созылуы мен қайталануына әкеледі. Қоздырғыштың ерекше қасиеті - тері макрофагының жасушашілік паразиті болып саналады. Біріншілік тілменден кейін иммунитет қалыптаспайды, бірақ аурудың рецидивіне әкелетін стрептококк антигеніне карсы жоғары сезімталдық пайда болады. АТС-тың фагоцитта жиналуы, созылмалы қабынуды тудырады. Сондыктан да тілме кезінде микробтарды макрофагтар жүтады, бірақ фагоцитоз аяқталмаған күйде калады.

Рецидивті тілме өткізілген біріншілік тілмеден кейін иммунитеттің пайда болмауынан дамиды, ал өткерген аурулар стрептококк антигеніне жоғарғы сезімталдық қалыптастырады.

Тілменің этиологиясына байланысты көзкарастар әртүрлі болғанымен, барлық ғалымдар тілме патогенезінде микробтық фактордың маңыздылығы мен антибактериалды емдеу әдістерін өндөу керектігін дәлелдеген. Көптеген зерттеулерге қарағанда, қайталаудың тілменің патогенезінде иммунитеттің тәмендеуі мен стрептококқа қарсы жоғары аллергияның пайда болуы жатыр. Рецидивті тілмеге екіншілік иммундық жетіспеушілік қалыптасады. Тілменің жедел кезеңінде жарты наукастарда айқын киллерлік эффекті «активті» РОК түзіледі. (T-супрессорлардың басылу уақытында). Иммундық статус факторларының ұксас динамикасы, жедел циклдік инфекцияға тән болып саналады. Рецидивті тілмеге арнайы антиденегенез жетіспеушілігімен көрінетін хелперлік эффектінің тәмендеуі және жарты наукастарда айналымдағы T-супрессорларының тәмендеуімен жүретін супрессорлық субпопуляция бұзылысының бір уақытта түзілуі тән.

Жиі тілме рецидивінде М-иммуноглобулиндер санының жеткіліксіз стимуляциясын, гуморальдық жауаптың әлсіреуіне әкелетін, наукас ағзасындағы антигендік коздырғыштың ұзақ персистенциясымен байланыстыруға болады.



2- Сурет. Тілменің патогенезі (МФЖ - макрофагты жүйе, ИК - иммундыккешен)

(Жұқпалы аурулар және эпидемиология В.И.Покровский)

Алматы қаласының ҚҚЖАА-ның және әдебиеттердің мәліметтері бойынша соңғы жылдары тілменің геморрагиялық түрі 80-шы жылдармен салыстырғанда анағұрлым өсті (73,5%). Тілменің геморрагиялық формалары қоздырығыш қасиеттерінің өзгеруіне байланыссыз, біріншілік формасының науқастарда калай байкаласа, аурудың рецидивтік формасында солай байқалу кездеседі. Коршаган орта және жүргізілген ем шаралардың әсері де аз.

Тілменің геморрагиялық түрінің дамуы, ағзаның иммундық жауабының өзгеруінен ғана емес, сонымен қатар, жиі тамырішлік кан ұюмын жүретін аллергиялық некроздалған васкулитпен көрінетін, стрептококка сезімтал науқас терісінің иммундық реакциясына да байланысты болады. Тілменің геморрагиялық түрі жиі тері некрозымен аскынатын созылмалы және ауыр ағымда өтеді.

Тілменің клиникалық жіктелуі :

Тілме - жедел және созылмалы түрде өтетін, β -гемолитикалық стрептококктың A тобымен шакырылатын терініңсерозды-ошакты және серозды-геморрагиялық қабыну, қызба және жалпы токсикалық улану белгілермен көрініс беретін жұқпалы ауру.

Тілменің клиникалық жіктелуі (Черкасов В.Л. бойынша):

I. Улану сатысына, ағым ауырлығына байланысты :

I - Женіл

II- Орта ауырлықта

III - Ауыр ағымды тілме

II. Жергілікті көрінісіне байланысты :

Эритематозды

Эритематозды – буллезді

Эритематозды – геморрагиялық

Буллезді – геморрагиялық

III. Терілік зақымданудың таралу дәрежесіне байланысты :

Жергілікті тілме

Таралған тілме

Кезбе (жылжымалы)

Метастаздалған (бір-бірінен алыс орналаскан кабыну ошактары)

IV. Шығу жиілігіне байланысты :

Біріншілік

Қайталамалы

Рецидивті

Ауру ағымының ауырлығын бағалау үшін тілменен ауыратын науқастардағы ОЖЖ-ті интоксикация белгілерінің айқындылығына және қызбаның жоғарылауына көңіл аудару кажет.

Женіл түрінде аздаған интоксикация белгілері, субфебрильді қызба, жергілікті эритематозды қабыну болады.

Орташа ауырлықты түрінде айқын ОЖЖ-ті интоксикация белгілері: калтырау, жалпы әлсіздік, бас ауру, жүрек айну, құсу, дene қызыуның 38-39,5°C жоғарылауы болады. Процесс жергілікті және жайылған, эритематозды-геморрагиялық, эритематозды-буллезді түрде болуы мүмкін.

Ауыр түріне айқындалған ОЖЖ-ті интоксикация белгілері тән (адинамия, қатты бас ауыру, қайталамалы құсу, дene қызыуның 39°-40°C және одан жоғарылауы). Аурудың бұл түрі көбінесе таралған, кезбе, метастазды сонымен катар, жергілікті, буллезді- геморрагиялық, эритематозды-буллезді түрінде болуы мүмкін.

Тілменің жергілікті жайылу процесстеріне байланысты түрлері:

Жергілікті тілме - үрдіс шектелген және бір анатомиялық аймақта болады.

Таралған түрінде - үрдіс 2-3 анатомиялық аймаққа: мысалы бүкіл төменгі аймақ, бөксе және денеге жайылады. Берілген мәліметтерден тілменің өзіндік шектелу тенденциясының жоктығын көреміз.

Кезбе (жылжымалы) тілме - үрдіс бір анатомиялық аймақта басталып 2-3-4шіге аусысады, оның алғашқы орнынан орнында қабыну үрдісінің бір мезгілде бәсендесе, дистальды бөлімнен басталған үрдіс, тез арада проксимальды бағытта жылжиды.

Метастазданған тілме - инфекцияның гематогенді таралуына байланысты, қабынудың бір-бірімен анатомиялық байланыспаған әртүрлі аймақта бір мезгілде пайда болуы (аяқ-бет).

Шығу жиілігіне байланысты біріншілік тілмемен катар, аурудың рецидивті және қайталамалы түрін ажырату керек.

Біріншілік тілме – алғаш пайда болған ауру.

Қайталамалы тілме – ауру екі немесе одан да көп жылдан соң дамиды, бірақ үрдіс басқа аймақта пайда болады.

Рецидивті тілме - екі жыл немесе одан да көп жылдан соң, бұрынғы сол аймақта қайтадан тілмелік қабынудың пайда болуы.

Сирек рецидивті тілме жылына 2 рет, жиі рецидивті тілме жылына 3 немесе одан да көп рет қайталанады.


Ауырлығы бойынша	Жергілікті көріністер	Таралуы бойынша	Шығу жиілігіне байланысты
Женіл	Эритематозды	Жергілікті	Біріншілік
Орташа	Эритематозды – буллезді	Таралған	Қайталамалы
Ауыр	Буллезді - геморрагиялық	Кезбе	Рецидивті
		Метастаздалған	

Біріншілік тілменің клиникалық ағымы


Біріншілік тілменің жасырын кезеңі бірнеше сағаттан 4-5 күнге созылуы мүмкін. Көбінесе ауру интоксикациялық белгілердің көрінуімен және дене қызыуының 39,5-40°C дейін жоғарылауымен жедел басталады. Интоксикациялық белгілер қалтырау, бас ауруы, әлсіздік, адинация, артраптегілдік мен көрінеді. Кейде жүрек айну, құсу болады. Аурудың басталуында селкостық, сандырактау, аймактық лимфа түйіндерінің аздалап ауырсынуы, парестезия, сәйкес аймакта ауырсыну сезімі болады.

И.С Жекенов атындағы ҚЖКА мәлімет бойынша, тілмене тән қызбалық кисыктың ұзактығы көрсетілген 3,4 - суреттер. Қызбалық кезеңнің ұзактығы емнің басталу уақытына және ауырлық дәрежесіне байланысы болады. Қызбалық кезең жеңіл ағымында 1-2 күн, ауыр ағымында 7-10 күн, орта есеппен 3-4 күн болады. Негізгі қызбалық толқыннан кейін көптеген наукастарда тұракты, қалыпты дене қызыу байқалады, дегенмен, кейбір наукастарда қызбадан кейінгі субфебрилитет сакталады, бірақ ол ірінді асқынудың көрсеткіші емес.


Температуранның ұзактығы



3- сурет. Тілменің әртүрлі формасындағы температуранның ұзактығы



4- сурет. Тілменің әртүрлі формасындағы қызбалық кисыктың білктігі.



5- сурет. Тілменің әртүрлі формаларындағы қызбаның төмендеу сипаты

Қызбамен бірге немесе бірнеше сағаттан соң жергілікті тілмелік қабыну белгілері пайда болады. Жергілікті қабыну үрдісі әртүрлі болуы мүмкін. Әрбір жергілікті көрінісінің өзіне тән клиникалық ерекшеліктері бар: Терінің закымдану аймағында үйкелу, құйдіру, қышу, ауру сезімі пайда болады, тыныштықта азаяды. Ауру көбінесе бетте, бастың шашты бөлігінде айқын болады. Ауру сезімі көбінесе аймактық лимфатикалық түйіндерде болады. Қозғалыс кезінде күшнейеді, теріде қызару, эритема, ісіну пайда болады.

Эритематозды түрінде – теріде айқын шектелген ісік және гиперемия, аздаған ауру сезімі, аймактық лимфаденит, лимфангоит байқалады. (сурет 6,7,8). Эритематозды тілмеде эпидермистің базальды және тікенекті қабаттарының ісінуінен, оның қалындауы болады. Лимфоцит, гистеоцит, нейтрофилдердің периваскулярлық жасушалық инфильтрациясына байланысты

кантамырдың гиперемиясы байкалады. Қабыну ошагы аурудың алғашкы күні максимальды айқындалумен дамып, аурудың екінші аптасында сондай жылдамдықпен басылады. Ішкі ағзалар жағынан жүрек тондарының бәсендесеуі, тахикардия, артериалды гипотензия байкалады.



1- Сурет.Беттің біріншілік тілмесі эритематозды формасы (орнықкан), орташа ауырлықта (өзіндік бақылау).

Кызба және токсикоздың баска симптомдары әдетте 5-7 күн сакталады. Дене температурасы төмендеген кезде реконвалеценция кезеңі басталады. Жергілікті қабыну реакциялардың кері дамуы дене температурасының қалпына келуінен кеш пайда болады: эритема бозарады, оның шекаралары айқындығын жоғалтады, шеткі инфильтрациялық белдігі жойылады. Ісік азаяды, жергілікті лимфадениттің кубылыстары (көріністері) бәсендеп кейіннен толығымен жойылады. Гиперемия жоғалғаннан кейін терінің ұсак қабыршакты түлеуін

байқауға болады, пигментация болуы мүмкін. Ісіктің туракты сакталуы - лимфостаз түзілуінің белгісі.



2- Сурет. Сол иыктын және кеуде торының біріншілік тілмесі эритематозды формасы (жайылған), орташа ауырлықта (өзіндік бақылау)

Эритематозды – буллезді түрі терінің барлық қабаттарының ісінуімен және некроздың болуымен сипатталады. Эритема фонында әртүрлі мөлшерлі буллезды элементтер түзіледі. Бұл элементтер түссіз және мөлдір сұйықтықтан тұрады. Көбінесе орташа мөлшерлі 1-2 немесе бірнеше көпіршік пайда болады. Көпіршік эритемадан кейін бірнеше сағаттан кейін немесе екі үш күннен кейін пайда болады. Көпіршіктің пайда болуы қабыну ошагында экссудацияның жоғарылауына және жиналған сұйықтық арқылы эпидермистің дермадан ажырауына байланысты. Жарылған көпіршік орнында эрозиялар пайда болады. Мацерацияланған аумақ баяу эпителизацияланады. Қабыршактар түзіледі, олардан соң тыртық қалмайды. Инфекциялық-токсикалық синдром тілменің эритематозды түріндегіден аса айырмашылыктары жок.



3- сурет. Сол балтырдың тілмесі эритематозды-буллезды формасы орташа ауырлықта (өзіндік бақылау)



4- Сурет. Беттің біріншілік тілмесі эритематозды-буллезды формасы орташа ауырлықта (өзіндік бақылау)

Эритематозды – геморрагиялық түрі сонғы жылдары жиі кездеседі. Эритематозды формасынан айырмашылығы теріде эритема фонында әртүрлі мөлшерлі кан құйылу болуымен сипатталады.

Геморрагиялық формасында созылмалы лихорадка (10-14 күн), және жергілікті қабыну өзгерістерінің қайта дамуы болады, некроз түріндегі асқынулар болады.



5.1- Сурет. Сол балтырдың біріншілік тілмесі геморрагиялық формасы(аймақтық лимфоаденит) орташа ауырлықта (өзіндік бақылау)



5-

Сурет 5.2. Оң балтырдың біріншілік тілмесі геморрагиялық формасы (аймақтық лимфоаденит) орташа ауырлықта (өзіндік бақылау).



6- Сурет. Оң балтыр және жамбастың біріншілік тілмесі эритематозды-геморрагиялық формасы (жайылған), орташа ауырлық



7.1 - сүрет

Он жақ төменгі аяктың тілмесі бастапқы беті орташа ауырлықтағы геморрагиялық форма (өзіндік бақылау)

7.2 – сүрет. Бексе аймағындағы тілме ауруының бастапқы беткейі орташа ауырлықтағы геморрагиялық формасы (өзіндік бақылау)

Буллезды – геморрагиялық түрі дерманың емізік және торлы қабат қантамырларының және капиллярдың терен зақымдануы нәтижесінде болады. Жарылған көпіршік аумағында фибрин жиналады және геморрагиялық сұйықтықтың пайда болуы, эрозия немесе жара дамып, грануляцияға ауысады.

Буллезды және геморрагиялық түрімен ауыратын наукастарда ауру әпидермис жасушаларының айқын дистрофиялық өзгерісіне, экссудативті компоненттің басымдылығына эритематозды түріне караганда қабыну каркындылығының жоғарылығына байланысты ұзак және ауыр ағымда өтеді. Жергілікті үдеріс баяу дамып, бір және екі апта аралығында терінің ауыр зақымдалуы болады, ал реконвелесценция үш аптадан ерте басталмайды, көбінесе 3-4 аптаға дейін қабыну үрдісі сақталып, аурудың ұзакка созылуы болады.



8-сүрет. Сол жақ тәменгі аяқтың буллезді геморрагиялық формасы (өзіндік бақылау)



9- Сурет. Оң балтыр біріншілік тілмесі буллезды- геморрагиялық формасы
орташа ағымы (өзіндік бақылау)

Бұл нысанды терен некроздар, флегмоналар жиі қынданатады, сауықканнан кейін тыртыктар және тері пигментациясы қалады (10- сүрет).




10 - Сурет. Оң балтыр біріншілік тілмесі буллезды- геморрагиялық формасыауыр ағымды (өзіндік бакылау)

Рецидивті тілменің клиникалық ағымы

Тілменің бір ерекшелігі - біріншілік тілменден соң немесе соңғы болған рецидивтен кейінгі алты айдан соң рецидивтердің кайта болуына бейімді, дегенмен 2-3 жылдан соң да рецидив пайда болуы мүмкін. Тілменің ерте жиңи рецидивтері (алғашкы 4-6 айда) стрептококк серотипімен шақырылатын нағыз рецидивтер болып табылады.

Оның жиңи болуы үдерісінің созылмалыға ауысқанын білдірмей, тек рецидив жиілігінің жылына 3-5 рет артса диагностикалауға болады. Кеш рецидивтер бір немесе одан да көп жылдан соң көрініс береді және реинфекция нәтижесі болып табылады. Аурудың кеш рецидивтері сирек кездеседі. Оларға маусымдылық рецидивтері жатады, көбінесе жаздың сонында, күздің басында болады. Бұл кездегі басты фактор - стрептококты инфекциямен шақырылған әртүрлі созылмалы аурудың өршуі закымдалған аймакта лимфа және қан айналымының бұзылуына байланысты болады. Көбінесе эритематоздың жергілікті үрдістер рецидив береді. Беттегі локализация сирек кездеседі. Жиңи рецидивті ауру кезінде, ауыр ағымдысы сирек кездеседі. Жасырын кезеңнің қыскалығы немесе болмауында қызба бірнеше сағаттармен шектеледі. Аздаған ОЖЖ- н улану белгілері, өзгерген тері фонында айқын емес эритема болады. Осылан байланысты тілменің созылмалы ағымы лимфа айналымының


прогрессивті бұзылуына және екіншілік пілділік пайда болады және мүгедектікке әкеледі.



6- Сызба. Буллезды экзантемамен наукасты диагностикалық ізденіс алгоритмы



11 - Сурет. Оң балтыр және жамбастың рецидивті тілмесі геморрагиялық формасы орташа ауырлықта (өзіндік бақылау)



12- Сурет. Сол колдың рецидивті тілмесі эритематозды формасы лимфостазбен асқынған (өзіндік бақылау)

Асқынулы

Сонғы жылдары әртүрлі сипаттағы асқынулар анықталуда. Қосалкы аурулары бар егде және карт науқастарда жалпы мынадай асқынулар болуы мүмкін: сепсис, жедел жүрек кантамыр жетіспеушілігі, өкпе артериясының тромбоэмболиясы т.б.. Сепсис және инфекциялық шокпен катар, терінің трофикалық жарасына әкелетін өлі еттенуі болады. Жергілікті асқынулар арасында жиі кездесетіні - терінің өлі еттенуі. (сурет 12).

Ірінді асқынулар (абцесс, флегмона), жара, өлі еттенуі жиі тілменің біріншілік түрінде дамиды, ал рецидивті түрінде тұракты лимфостаз және пілділік кездеседі. Тілменің геморрагиялық түрінде фиброзды – геморрагиялық экссудаттан тұратын буллезды элементтер негізінде терідегі көлемді кан құйылулар нәтижесінде өлеңтену дамиды. Өлеңтену көбінесе созылмалы венозды облитерлеуші атеросклерозы, кант диабеті және баска да перифериялық қан тамырларының ауруы бар науқастарда жиі дамиды. Жиі кездесетін асқынуларға тері асты май қабаттарында дамитын іріндік, флегмоналар жатады. Иріндік аурудың 4-5 күні көрініс береді. Олардың алғашкы белгілеріне инфильтратты пальпациялау кезіндегі ауру сезімі, үстіндегі шектелген тері гиперемиясы сакталуы жатады. Кейіннен флюктуация байкалады. Антибиотиктермен емдеуге карамастан жоғарғыдене қызыу сакталады.

Флегмоналар іріндікке қарағанда сирек дамиды, тері астылық май қабатының ірінді қабынуларымен жүреді. Флегмонаның басталуы жедел қызу 39-40 С дейін көтеріледі. Пульсируещі катты ауру сезімі, ісіну, терінің қызаруы пайда болып, закымдану орталығында флюктуация пайда болады. Флегмоналар салыстырмалы сирек кездеседі. Сонымен катар, флебиттер және тромбофлебиттер тілме асқынуларының бірі болып табылады. Флебиттерді анықтау диагностикасы киындық туғызбайды. Берілген асқынулардың даму

жүлтігіне байланысты, төменгі аумактық тілмесі бар науқастарға кейін де антикоагулянтар қолданылады.

Тромбофлебиттің клиникасы

Терен кан тамырлардың тромбофлебитін анықтау киын. Тромбофлебиткекүйтенген жағдайда диагностикалық максатпен Opits Ramines (манжетка симптомы) сынамасы қолданылуы мүмкін. Науқастың шикштерін сал бүгіп, шалқасынан жатқызып, тізеден жоғары сифтоманометр манжеткасын салып, 40 мм с.б мөлшерінде қысым туғызады. Егер терен кан тамырлар тромбофлебиті болса, қысымды әрі қарай жоғарылатқанда, балтыр және тізе асты аймағында ауру сезім анықталады. Қысымды төмендеткенде ауру сезімі жойылады.

Тұмделік кабынудың зардаптарына көбінесе, аурудың созылмалы рецидивті ағымында кездесетін лимфостаз және екіншілік пілділік жатады. Пілділіктің клеткалық көрінісіне баға беру 2 сатыға бөлінеді: лимфодема және фибродема. Орналасуына байланыссыз пілділіктің екінші сатысы мынандай: лимфостаз (лимфодема) кезінде ісік жұмсақ, терінің козгалыштығы сакталған, шандырмен және тері асты май қабаты жабыспаған болады. Фибродема кезіндегі ісік тығыз, ағаш тәріздес, терінің басқа қабаттарына қатысты жылжымалылығы байқалмайды. Жоғарғы аймақтың пілділігі науқастарда радикалды мастректомиядан кейін дамиды. Пілділіктің ұзақ ағымында гиперкератоз, гиперпигментация, трофикалық жаралар, лимфорея дамиды.

Тілменің болжамы казіргі кезде жағымды. Уақытылы басталған комплексті терапия(антибиотикотерапия, СЕҚҚП, десенсибилизирлеуші, дезинтоксикационды заттар, иммуномодуляторлар) тілменің ауыр түрлерімен ауыратын науқастардың жазылуына мүмкіндік туғызады.

Тілменің рецидивті дамуы бірнеше себептерге байланысты:

- біріншілік және ерте тілме рецидивін толық дұрыс емдемеу
- тілме зардаптарының және айқын көріністі қалдықтарының болуы
- периферия бұзылысына және инфекцияның түсіне жол беретін ұзак ағымды созылмалы тері ауруының болуы
- созылмалы стрептококты инфекция ошағының болуы
- лимфа және кан айналымының бұзылуы
- жұмыс істеуге колайсыз жағдай (тону, ылғалдану, терінің микротравмалары)

Зертханалық диагностика

Қаннан b-гемолитикалық стрептококтың сирек бөлінуінен және кабынуша ошағына қарапайым бактериологиялық зерттеу жүргізу жеткіліксіз. Соңғы кезде полимеразды тізбектік реакция (ПТР) қолданылады. Көптеген наукастарда аздаған нейтрофильды лейкоцитоз, нейтрофильдің солға жылжуы, анэзофилия, ЭТЖ жоғарлауы көрінеді. Лейкопения болуы мүмкін. Ауыр түрінде, ірінді асқынуында гиперлейкоцитоз, лейкемоидты реакция, улы нейтрофильдер табылады. Иммунитеттің Т- және В- жүйесінің өзгерістері, аурудың рецидивті формасына тән Геморрагиялық тілменемен наукастарға гемостаз және фибринолиз бұзылыстары тән, қанда фибриноген жоғарлауымен, плазминогеннің санының кобеюімен не азаюымен, плазминантитромбин III, тромбоциттердің 4ші факторы денгейінің жоғарлауымен көрінеді.

Тілменің салыстырмалы диагностикасы

Қазіргі кезде тілменің диагностикасы және дифференциальдық диагностикасы қын мәселе, себебі диагноз клинико-анамнестикалық мәліметтер негізінде қойылады. Тәжірибелік аналогтық «тілме тәрізді» закымданулар гамма коздырғыштармен: стаффилококк, листерия клебсиеллат. б шакырылады.

Тілмені көптеген жүқпалы, хирургиялық, тері аурулары: эризепилоид, сілір жарасы, абсцесс, флегмона, флебит және тромбофлебит, трофикалық бұзылыштарымен облитерлеуші эндартерит, көпформды зритема, дерматит, токсикодермия және жүйелі қызыл жегі, склеродермия, Лайма ауруы (боррелиоз) және т.б салыстыру кажет. Тілменің диагностикасы аурудың типті клиникалық көрінісіне негізделеді, мынандай сипатталумен: айқын интоксикация (дene температурасының жоғарылауы, калтырау, әлсіздік, бас ауыру) белгілерімен, закымдану аймағында күйдіру сезімі, тимфантит, аймактық лимфаденит, жедел басталуы, аздаған ауру сезімі, айқын шектелген зритеманың болуы, ісіну рецидив түрінің диагностикасында жиынды. Аурудың рецидивті формасының диагностикасында толық анамнез және ошакқа тән өзгерістер негізгі орын алады. Салыстырмалы диагностикасы клиникалық көріністері ұқсас аурулармен жүргізіледі

Iріндік

Іріндік-тері асты май жасушасында ірінді қуыс дамиды. Ауырудың 4-5 күнінде абсцесстің клиникалық көрінісі байқалады. Бастапқы кезеңінде пальпацияда ауырталы тығыз, шектелген тері гиперемиясының инфильтраты сакталады.

Флюктуация кеш анықталады. Антибиотикпен емдеуге қарамастан жоғары температура сакталады.



13- сурет. Бет флегмонасы (doctor-lib.com)

Флегмоналар

Флегмона іріндікке қараганда сирек кездеседі және тері асты май жасушасының әр түрлі ірінді қабынумен жүреді. Жедел басталады, дene қызы 39-40°C жоғарылайды. Локализацияланғанжер солқылдап қатты ауырады, ісінкіреп ісінеді, терінің қызаруы болады.

Тілмендегі айырмашылығы закымдалған жер бірден гиперемияланып, қатты ауру сезімі тыныштықта да және аз физикалық жүктемеде дамып, жиектері закымдалмаган теріден айқын емес шектелгендігімен ерекшеленеді. Закымдалған аймактың ортасында бірнеше күннен соң флюктуация пайда болады.Лимфаденит, лимфангоит жок,ісіну және қызарудың анық шекарасы жок.

Тілмендегі флегмонамен салыстырғанда қабыну ошағының пальпациясында ауырсыну аздау.Қызару қабыну ошағының шеттерінде айқын, тегіс емес.Тілмендегі кезінде эритеманың жайылуы флегмонамен салыстырғанда тезірек жүреді .

Іріндеген гематома

Терінің закымдалған көрніссіз жүретін, сокқыдан пайда болған ауру. Көбіне посттравмалық гематома тізенің алдыңғы бетінде орналасады. Гематома болған жерді пальпациялағанда ауру сезімі байкалады, теріде гиперемирленген және инфильтратталған аймак көлемі шектелген және флюктуацияланған.

Мұрын абцессі (мұрын кенсірігі)

Ісікпен инфильтрация әсерінен мұрын көлемі үкейген, мұрыннан тыс гиперемия жайылмайды. Айқын интоксикация-дene қызы жоғарлауы, мандайда пульсируеуші ауру сезімі, мұрын жолдарының бітелуі, ауа өтудің киындауы. Мұрын ұшын басқанда, керетін және тартатын сипаттағы ауру сезімі. Терісі қызарған,тартылған,пальпация ауру сезімді

Беттің терен веналар тромбозы

Беттің терен веналар тромбозында салыстырмалы диагностикасында беттік тілмеден ажырату өте киын. Көбіне бұндай наукастар стационарға беттің месі диагнозымен түседі. Бұл екеуіде жедел басталады- сонымен қоса жұздал, дene қызы жедел жоғарылап, сыркырап, бас ауру, ұйқынын бұзылуы, кейде сана-сезімнің жоғалуымен көрінеді. Бет веналар тромбозында жергілікті жауап ретінде ісіну, терінің қызаруы және закымданған аймактың үлкен календе тығыздалуы, мұндай көріністер тілмеде кездеспейді. Терідегі тілме ішінде және бет венасының тромбозында болатын қызарудың ерекшелігі, шекарасының айқын еместігінде, ал гиперемияда закымдалу аймагы айқындылығымен ерекшеленбейді. Қан тамырының қызаруы, акшылдау немесе қызығылттау турға енү себебі, венадағы тромбының жарықта шағылуы, сонымен қоса майда іріндітердің көбіне ошактық іріндік еруімен қоса тереннен көрінеді. Беттің іріндік тримбоз негізінде стафилакоктың біріншілік немесе екіншілік ошактары мыналар: фурункул, карбункул, ірінді паротит, этмойдит, ренит түрінде болады, бірақ бette ғана болмайды дененің басқа аймақтарында көзестіреміз. Вена тромбозының диагнозында тек кана стафилакокты ошакты бішкемай олардың бұрынғы іздерін ескеру кажет. Бет веналар тромбозы вена көзшілеріне, ми синусына, ми қабатына тез тараиды және менингитпен септиске ауысады, сондыктan жедел диагноз қойып ем шараларын қолдау көрек. Кез алмасының ісінуімен, экзофтальммен, офтальмоплегиямен, карашық реакциясының бұзылуы және закымдану жағында үшкіл нервтін бірінші бұлғағының иннервация аймағында сезімталдық бұзылысымен көрінеді.

Эризипелоид

Инфекция кезі жануар, жиі шошқалар. Берілу механизмі – контактты-түрмисстық, закымданған тері арқылы жүргү. Ауруға кәсіптілік тән (ет өндіретін және балық өндіріс орындарының жұмысшылары, малшылар, балықшылар, мал дарігерлер) ірі кара малдың, шошканың, балық етін түрмиста өндеу кезінде жоқтырады. Ауру 1-2 симболатын айқын қызыл ісінген табактарды саусақ және

білезік аймактарында пайда болуымен басталады. 3-5 күн арасында эритема бүкіл саусак немесе білезіктің алақандық беткейіне жайылып, бүкіл саусакаралық буындар аймағын камтиды. Эризипелоид кезіндегі эритема түсін өзгертерді: алғашында анық қызыл түсті, кейінрек ортасына қарағанда шеткі бөлігі айқын цианоздалған. Тілмеге қарағанда эризипелоидтағы ісіну айқын емес. Эритема аймағындағы жергілікті тері температурасы өзгермеген немесе сау теріге қарағанда аздап жоғарылаған. Жалпы интоксикациялық симптомдар айқын емес: субфебрильді температура, әлсіз бастың ауыруы, женіл селкостық.

Лимфангоит жок. Кейде эритеманың фонында везикулезды элементтер дамиды.



14- Сурет. Эризипелоид (өзіндік бақылау)

Тілме нейтрофильді лейкоцитозын және лейкоцитарлы формууланың солға жылжуы, ЭТЖ жоғарлауымен сипатталады. Эризипелоид кезінде лимфоцит, лейкоциттер санының қалыптысы, қалыпты ЭТЖ және ұсақ нейтрофильды гранулоцит анықталады. Диагнозды «эризипелоид» нактылау үшін эризипелоидты аллергенмен терішілік сынама койылады. Сонымен бірге РПГА эризипелоидты диагностикуммен койылады, аурудың 5-6 шы күніне он болады.

Дерматиттер

Қызаруы мен ісінуге байланысты қабынған ошақ айқын шектелген. Эритема

көрінісінде айқын емес инфильтрациясымен көрінетін майда көпіршіктер, қабыршықтар мен қабықтар пайда болады. Субъективті закымдалған жерде кышу және күйдіру сезімдері негізгі орын алады. Аймақтық лимфаденит пен жалпы интоксикациялық симптомдар болмайды. Анамнезінде химиялық заттар мен физикалық факторлармен жанасулардан туындаған серпілістер көрінеді.



15- сүрет. Контактты дерматит (dermatit\html.)

Микробтық экзема

Экзема бұл терінің қабыну ауруы, жұқпалы емес, қосалқы асқынударымен созылмалы формада өтеді. Микробты экзема иммунитеті әлсіреген адамдарда дамиды, себебі организм түрлі ауру тудыратын микроорганизмдерді тез қабылдайды, мысалы, стрептококк, стафилококтар. Аурудың патогенезі, этиологиясы толық анықталмаған, сондыктan ағымы тұқымкуалаушылық немесе аллергиялық болады, эндогендіжәне экзогенді факторлар арқылы ауру өршиді. Бұдан басқа иммунологиялық, нейроэндокриндіжәне психовегетативті бұзылыстар аурудың өршуіне септігін тигіздеді. Микробты экзема көбінесе балтырда, сирек трофиқалық және ұзақ жазылмаған жара айналасында кездеседі. Экзема айналасындағы тері ірінді қабықпен жабылады, беті

ылғалды, терінің мүйізді кабатының сылынуына байланысты тері қышуы болады.



16- сурет. Микробты экзема (dermatit\html.)

Және олар сау терінің барлық аумағына корінбейтін кабаттарына ассиметриялы есү қасиетіне ие. Бөртпелер жағымсыз қатты қышумен және жиі асқынудармен жалғасады. Өте құргак микробты экзема кезінде закымданған тері ірі пластинкалы кабыршакпен жабылады, онай сылынады және тері құргак, жылтыр, аздап қызырып қалады.

Түйнеменің терілік түрі

Тілменің буллезді түрін түйнеменің терілік түрлерінен әр жағдайда дифференциалдауга тұра келеді. Жедел жұқпалы аса күйіпті ауру. Терінің ашық аймағында тығыз қышитын дақ пайда болып, біртіндеп (12-24 сағ.) қанды көпіршікке айналады. Осы уақыттан бастап дene қызуы көтеріліп, интоксикация симптомы байқалады. Жарылған көпіршіктің орнына жара пайда болып, кейін кара өзекке айналады. Ісік ұлғайып, бозарған, тері анестезиясы мен ісінген жерде "өзекті жолдарды" көруге болады. Түйнеменің терілік түрі көбінесе терінің жоғарғы бөлігінде орналасқан, кей жағдайда бетте, желкеде болады. Адамға жануарлардан жұғады, әсіресе ауыл шаруашылығындағы (ірі мүйізді малдар мен түйелерден). Инфекцияның жүргү жолы: тікелей контактты (ауру арқылы малды сойғанда, бөлшектегендеге, етін жегенде).



17- сүрет. Біріншілік терілік аффект – пустуланың жарага айналуы
(А.М.Дмитровский бакылауы)



18- сүрет.Папула-пустула-жара орталық некрозбенайналасында ауырмайтын,желетерізді ісік (А.М.Дмитровский бакылауы)

Ісік көлемді, бірнешеанатомиялық аймақты алады, ісік тіні бозғылт, температура қалыпты, сезімталдық түрлері сакталған. Көбінесе колда, сирек бетте, мойында болады. Ал аяқтарда аз кездеседі.

Түйнеменің буллезді түрі

Түйнеменің буллезді түрісірек кездеседі. Әдетте бұл түйнеменің терілік түрінің ең ауыр варианты болып табылады. Жоғары денгейдегі қызбамен және жалпы интоксикация симптомдарымен сипатталады. Түйнеменің басқа түрлерінен айырмашылық - әдеттегі түйнемелік карбункулдың орнында қанды сұйықтыққа толған көпіршіктер пайда болады. Олардың көлемі жылдам үлгаяды, шамамен 10-шы күнге қарай көпіршіктер жарылады, одан кейін түйнеменің терілік түрлерінің басқа вариантарына ұксас үлкен жара пайда болады. Жара аумағында, сонымен қатар, жергілікті лимфалық түйіндердің аумағында ауыру сезім болмайды. Диагностикасында бактериологиялық зерттеу әдісі маңызды рөл ойнайды, иммунофлюоресцентті әдіс көмегімен алынған материалдан түйнеменің коздырғыштарын анықтауға болады. Антроксинмен аллергиялық сынама қолдануға болады. Аллергендітері ішіне 0,1 мл дозада енгізеді, 24сағат кейін нәтижесін кореміз. Гиперемия аумағы инфильтрациямен 3 см не одан көп болса оң нәтиже.



19- сүрет. Түйнеменің буллезді түрі (А.М.Дмитровский анықтау стандарты ООИ, СДС, 2008)



20- сурет. Түйнеменің буллезді түрі (А.М.Дмитровский анықтау стандарты ООИ, СДС, 2008)

Сап

Сап- зоонозды ауру,ауру малдан жұғады (жылкы,есек, мұла). Сирек кездесетін ауру,закымданған тері,ауыз,мурын, демалу жолдары,аскорыту жолы аурудың жұғу қақпасы болады. Инкубационды кезеңі 3-7 күн,ауру бұлшықеттегі ауру сезімімен және жоғары температурамен жедел басталады. Қоздырыштың закымдаған жерінде лимфангоитпен папула пайдала болады. Папула тілмеге үксас болады.Кейін папулагеморрагиялық-ірінді көпіршікке айналады. Бактеремияның әсерінен теріде екіншілік пустула дамиды, бұлшықеттерде көптеген ірінді абсцесстерпайда болады. Ауру жиі өліммен аяқталады. Бұл кезде дұрыс диагноз коюға эпидемиологиялық анамнез және пустуладан бөліндіні,қақырықты бактериологиялық зерттеу көмектеседі.

Пастереллез

Пастереллез –жедел зоонозды инфекция, жануарлардың тістейінен дамиды (жиі мысық, ит), жануарлар өздері ауырмайды, адамнан адамға жүкпайды. Терілік түрінде алғашында ісіну, қызару, пальпацияда ауру сезімі болады. Пустула дамып, көпіршік жарылған соң струп дамиды. Қабыну терен болса флегмона немесе іріндіктер дамуы мүмкін. Егер қабыну тек теріде болса айқын интоксикация, температура болмайды. Диагностикасында эпидемиологиялық анамнез маңызды.

Клиникалық көріністеріне – инфекция қакпасына айқын қабыну реакцияларының болуы (ең ауыр түрлері терінің қабыну өзгерістерінен басталады). Диагнозды дәлелдеу үшін қозырғышты бөліп алу қажет (каннан, ірінді абсцесстен, цереброспинальді сұйықтықтан бөлінді қажет).

Серологиялық реакция косымша мағынаға ие.



21- сурет. Оң колдың пастереллиозы (өзіндік бакылау)

Белдеулік теміреткі

Белдеулік теміреткі бұл вирусты ауру, коздырығышы вирус герпес зостер (Herpes Zoster). Көбінесе вегетативті нерв жүйесі закымдалады. Вирус герпес зостер организмге балалық шакта ауырған желшешектің әсерінен түседі. Ауыр түрінде қабыну процесі терінің терен қабатына енеді (дермаға). Нәтижесінде тыртық

калады. Аурудың жайылған түрінде бөртпе желшешек тәрізді дененің бұқіл аймағында болады. Ауру сезімі бөртпеден кейін екі күннен кейін пайда болады. Ауру синдромы айқын, әсіресе жүйке бағаналары бойымен тарапады. Бұл үдеріс көбінесе денедегі және беттегі жүйке жолдарында орналасады. Эритемоздық көріністе серозды немесе геморрагиялық сұйықтықтары бар көпіршіктер пайда болады. Көпіршіктерді тілгенде сары-коныр немесе кара кабыршыққа айналып, 2-4 аптадан соң жазыла бастайды.

Ауру түнде күшейеді және тітіркендіргіштердің әсері (жанасу, суық) болады. Жалпы интоксикация белгілері: әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, құсу, жүрек айну, температураның жоғарлауы. Бұл ауруда науқаста бөртпе кеткеннен кейін де ауру сезімі сакталады (апта, ай, жылдар).



22- сурет. Белдемелі теміреткі (проф., Доскожаевтың С.Т.презентациясы)

Беткей тамырлардың флебиты және тромбофлебиты

Флебит –қантамыр кабырғасының қабынуы. Варикозды ауру фонында дамиды. Флебит кезінде жиі тромбоз тромбофлебитпен дамиды. Тромбофлебит – тромб түзілумен жүретін венаның қабынуы. Тромбофлебит асқынуымен қауіпті, тромбының жарылуы және өкпе артериясы закымдалса өліммен аяқталады. Клиникалық көрінісінде қантамырлар проекциясының орнында ауру

синдромы, шекарасы анық емес гиперемия болады. Тромбофлебит айқын болған сайын терінің гиперемия жолағы кеңейеді. Пальпацияда кабынған варикозды түйіндерге байланысты бұдырлар сезіледі. Температура жиі субфебрильды сипатта болады. Лимфаденит, лимфангоит болмайды. Аяқтарда ісік жоқ, бар болса тек 1-2 см. Айқын интоксикация корінбейді. Тромбофлебитке күмәнданған диагностикалық максатта Opitz Ramines сыналасы колданылады (манжетка симптомы).



22 - сүрет. Тромбофлебиттер ([svoidos.ru\wp.content](http://svoidos.ru/wp-content))

Көптүрлі эксудативті эритема

Көптүрлі эксудативті эритемабұл ауру көбінесе жас және орта жас адамдарда кездеседі. Түрлі дәрілік препараттарға организмнің сенсибилизациясына байланысты немесе жұқпалы аурулар фонында дамиды. Токсико-аллергиялық формасының даму себебі дәрілік препараттарды кетереалмаушылық: барбитурат, сульфаниламидтер, тетрациклин, амидопирин т.б. Ол вакцинадан кейін немесе сарысу енгізгеннен кейін дамуы мүмкін. Клиникалық көрінісі:

әдетте жоғары қызбамен, бас ауру, жалпы әлсіздік, тамактағы ауру сезім, айқын улану белгілерімен, артralгиямен, миалгиямен жедел өтеді.

Жалпы өзгерістерден кейін 1-2 күнде тек ауыздың шырышты қабатында берптпе пайда болады, одан кейін тері закымдалады. Берптпе пайда болғаннан кейін жалпы симптомдар кетеді, 2-3 апта сақталуы мүмкін. Берптпе анық шекарамен, қызыл құлғін түсті ісінген папуламен көрінеді. Папула 2-3 ммден 3 смге дейін тез ұлғаяды. Серозды және кан құрамды көпіршік пайда болуы мүмкін. Берптпенің полиморфизмі теріде пустула, дак, көпіршіктің бір уақытта болуына байланысты.

Берптпе күйдіру, қышу сезімімен жүреді. Токсико-аллергиялық формасы алғашкы симптомдарсыз жүреді, кейде температуралың жоғарлауы (38.0 - $39^{\circ} C$) және айқын интоксикация, артralгия, миалгия болады. Лихорадка 1-3 апта сақталады. Берптпенің сипатына қарай бұл түрі инфекционды-аллергиялық эритемадан ажыратылмайды. Ол фиксиленген және жайылған сипатта болады. Екі жағдайда да берптпе ауыздың шырышты қабатын закымдайды. Бұл берптпенің полиморфтілігі дифференциальды диагностикада шешуші мағынаға ие. (23, 24 сурет).



23- сурет. Көптүрлі эксудативті эритема



24- сүрет. Көптүрлі эксудативті эритема

Лайэл синдромы

Лайэл синдромы(эпидермальды токсикалық некролиз) – өлім-жітім көрсеткіші 50%-ға дейін жететін ауыр ауру. Күрт басталумен, жоғары қызбамен, жалпы улану белгілерімен сипатталады. Аурудың бірінші сағаттарынан бастап көлемді эритематозды дактар пайда болады. Олардың фонында үлкен көпіршіктер түзіледі (2 дәрежедегі күйікке ұқсас). Көпіршіктер жарылған сон эрозияланған аумактар калады.Аяқ-колдардың үлкен аймактарында (қол басы, аяқ басы)және денеде эпидермистін дермадан сылынуы байкалады.



25- сүрет. Көптүрлі эксудативті эритема (Лайэл синдромы) (өзіндік бақылау)

Түйінді эритема

Түйінді эритема – көп этиологиялы ауру, пайда болуына стрептококты инфекция әсер етеді. Тілмесекілді науқастардың анамнезінде баспа, созылмалы тонзиллит анықталады. Ауру жедел басталады, айқын интоксикация және қызудың жоғарлауымен. Балтыр, сирек жамбас, иық, іште симметриялы тығыз, ауыратын түйіндер шығады. Түйіннің астындағы тері ашық құлғін түсті, кенінен көкшілденеді, шекарасы анық емес. Түйінді эритеманың даму басында аяқта, тізе, балтыр табан буынында ауру сезім болуы мүмкін. Түйін бірнеше апта, теріде тұракты пигментация пайда болғанға дейін сакталады.



26 - сүрет. Түйінді эритема (washdoctor. ucor.ru)

Жүйелі қызыл жегі (волчанка)

Жүйелі қызыл жегі (волчанка) ауру, капиллярды және дәнекер тінді закымдайды, бүкіл организмге әсерін тигізді. Кез келген жаста басталады, жиі 15 және 40 жас әйелдерде кездеседі. Ауру жалпы интоксикация белгілерімен, қызбамен, ұзак созылмалы ағыммен жүреді. Экзантема элементтер сипаты, орналасуы (бетте – «көбелек» тәрізді, аяқ-колдарда, тұлғада) бойынша полиморфты болып табылады. Эритемадан басқа шашыранды дакты және

түйінді элементтер болуы мүмкін. Буындардың, бұлшықеттердің, ішкі ағзаладың закымдалуы тән.

Клиникасында барлық ағзалармен жүйелердің тінін закымдайды. Кей жағдайда терілік симптомдармен шектеледі, ол дискоидты жегі деп аталады. Тұракты симптомдары тері, шырышты қабат, бұлшықет буындық жүйенін закымдалуы, полисерозит(бірнеше серозды қабық: перикард, құрсақ, плевра). Дерматит, артрит және полисерозит диагностикалық үштігін құрайды. Дерматит, тері қабынуы тән симптомдардың бірі болып табылады(дерматиттің 28 формасы анықталған), бөртпелер ашық қызыл түсті, ауру сезімді болады. Жалпы симптомдарына тұракты қызба, әлсіздік, салмақ жогалту, шаршағыштық жатады.



2- сүрет. Жүйелі қызыл жегінің беттегі «көбелек тәрізді» типтік бөртпе түріндегі көрінісі (alcala.ru).

Жүйе келесі критерилерден: көбелек симптомы, дискоидты бөртпе, күн көзінен кейін бөртпе шығуы, артриттер, полисерозит, бүйрек закымы – зәрде белок, зәрде цилиндр, ми закымы, калтырау, психоз, эритроциттердің азаоюы,

канда лейкоцит, тромбоциттердің азаюы, канда спецификалық антидене: анти-ДНК антидене, анти-См антидене, Вассерман реакциясының жалған он болуы, ЛЕ-клеткаларына он тест, канда антинуклеарлы антидене (АНА) табылады.

Розенбергтің жұқпалы эритемасы

Розенбергтің жұқпалы эритемасы жедел басталумен, жоғары қызбамен (39°C -ка дейін), айқын улану белгілерімен сипатталады. Бөртпе аурудың 4-6 күндері пайда болады. Алдымен дактар пайда болады, олар бірінші тәулікте эритемалық аландарға бірігеді, эритема дактар көлемі ұлғаюының нәтижесінде пайда болатыны анық көрінеді. Әдетте экзантема аяқ-қолдардың жазу беттерінде, ірі буындар аумағында (тізе, шұңтак, білезік, тобық) және жамбас аумағында қоюланып, орналасады. Тек кана бөртпе қоюланып орналаскан аумактағы ғана дактар эритемаға бірігеді, басқа орындарда дактар түріндегі шашыранды элементтер байқалады. Элементтер түсі ашық-қызыл болады, одан соң кошқыл-қызыл түске айналып, кейіннен бозарады да, бір аптадан соң жоғалады. Экзантеманың орнында тері кабыршақтануы мүмкін. Қызба 1-2 аптаға сакталады.

Чамердің жұқпалы эритемасы

Чамердің жұқпалы эритемасы -ауру көбінесе 2-15 жастағы балаларда кездеседі. Женіл түрде өтеді, қызба әдетте 38°C -ка дейін жоғарылайды. Аса тән белгілердің бірі – экзантема. Бөртпе аурудың бірінші күні бетте орналаскан қызылдау дактар түрінде пайда болады. Бөртпе элементтері алдымен ұсак болып, бірнеше сағаттан кейін шеттері фестонды тұтас эритемаға айналады. Жиі жағдайларда мұрынның негізінде бөртпе элементтері пайда болады, нәтижеде науқастың бетінде «көбелек» тәрізді дак түзіледі. Тәменде эритеманың шекарасы мұрын-ерін қатпарына дейін жетеді, мұрын-ерін үшбұрыши бозылт болып қалады. Бірақ иек аумағында (жәншәуден

айырмашылығы) бірен-саран берптеп элементтері болады. Маңайдағы 2 күнде экзантема тұлғада, жамбас аумағында, сандарда пайда болады, бірақ бұл орындағы берптеп көп емес. Науқастардың ауыр емес жағдайы, дene қызуының аздап жоғарылауы, экзантемалардың жылдам динамикасы, беттегі «кебелек» тәрізді дак Чамер эритемасының клиникалық диагностикасын жеңілдетеді.



28 - сурет. Чамер эритемасы

Тілменің объективті диагностика мақсатында «**тілме жағдайында стандартты анықтау**» шығарылды. Жедел кызба ауруымен науқаста кем дегенде келесі 4 симптом анықталады:

- ісіну;
- анық шекаралы гиперемия жергілікті гипертермия;
- дene қызуы;
- бас ауру.

Диагностикалық қателіктердің негізгі себебі ауру анамнезін толық жинамау болып табылады. Тілме ауру ағымының ерте кезенде неғұрлым мұқият зерттегендегі осы аурулардың дифференциалды диагностикасының сапасы артады.

Тілмемен ауыратын науқастардың емі

Тілмемен ауыратын науқастардың емі аурудын формасына қарай (біріншілік, қайталамалы, рецидивті, жіне рецидивті), интоксикация сатысына, асқынуына қарай жүргізіледі. Тілмемен ауырған науқастардың емі амбулаториялық, сонымен қатар стационарда жүргізіледі. Ауруханаға жатқызуудың көрсеткіші: айқын интоксикациямен, жоғары қызбамен, үлкен аймактық закымдалумен жүретін ауыр ағымды, жіне рецидив беру, лимфа айналымының тұракты бұзылу көрінісіндегі тілме дамуы, басқа да қосымша ауыр аурулардың косылуы.

Этиотропты терапия

Тілмемен ауыратын науқастарды емдеу басқа да жүқпалы аурулардың емі тәрізді жүргізіледі. Тілмемен ауырған науқастарды емдеу әдетте, антибиотиктер -бензилпенициллин және осы уақытқа дейін кешенді терапия басты орын алады (әр күнде 4-6 млн бірлік 7-10 күн). Бастапқы кезде тілменің қайталамалы формасында және оның кеш рецидивінде пенициллинмен емдеу нәтиже жаксы береді. Сонымен қатар, 2-3 буынды цефалоспориндер (1 гр-нан, тәулігіне 3-4 рет), гликопептидер, фторхинолондар қолданылады (орташа терапевттік мөлшерде, 7-10 күн). Эритромициннің, олеандомициннің, сульфониламидтік препараттардың және нитрофурандық препараттардың әсері тәмендеу. Тілмеде макролидтер кең қолданылады - макропен, фрамилид, рокситромицин (800 мың бірлік, 7-10 күн). Терапиялық концентрацияда макролид бактериостатикалық әсер етеді. Жиі рецидивтейтін тілмеде екі курсты антибиотиктерапия жүргізіледі: β – лактамдық препараттар курсынан соң 2-3 күндік үзілістен кейін линкомицин тағайындалады (0,6 гр-нан) күніне 3 рет, бұлшықетке 7 күн бойы).

Линкозамидтерден - линкомицин (30% 8 сағ. сайын 0,9 - 1,5 г. 7 -10 күн). Антимикробы әсерге линкомицин макролидке жақын, бұл препарат тілмеде рецидивті формасында жиі колданылады. Ауыр ағымда кешенді антибиотикотерапия колданылады: бензилпенициллин + аминогликозидтермен бірге (гентамицин, канамицин, амикацин, стрептомицин), эритромицин + гентамицин, бензилпенициллин + рефампицин.

Антибиотикотерапия әдістерінің колданылуында қанағаттанбаушылық нәтижелері сакталады, өйткені аурудың рецидивті ағымының дамуы манызды орын алады. Сол себепті, рецидивті тілменің этиотропты емі үшін кешенді антибиотикотерапия (кем дегенде 2 антибактериальды препараттар) тағайындалады. Ең тиімді қосылыстарды цефалоспориндер және фторхинолондар (косылған антибиотикотерапияда гентамицин және амоксициллинді колдануға болады). Аурудың жиі рецидивтерінде екі курсты ем колданылады. Бірінші курс антибиотикотерапиясына цефалоспорин (7-8 күн), 5-7 күн үзілістен кейінемнің екінші курсы линкомицин 7-8 күн. Антибактериальды терапияның әсерінің жеткіліксіздігінің себебі: антибиотикорезистенттіліктің дамуы, препараттың жеткілікісіз концентрациясы .

Соңғы жылдары терінің жүқпалы, ірінді қабынулық ауруларының перспективті емдеу әдістеріне эндолимфатикалық антибиотикотерапия жатады. Бақылау кезінде наукастарда бұл емнің оң нәтижесі аныкталды. К.Б. Герман және басқа авторлар тілменемен закымданған аяктың бірінші саусақ арасына тері астына пенициллин новокаинмен 600000 бірл. 1 рет тәулігіне 3-5 рет енгізді. Осылайша авторлар 25 наукасты тілменемен ауырган емделгенін аныктады, және бұл әдістің тиімділігінің жоғары екенін дәлелдеді.

С.С.Долгаш және басқа авторлар танометр манжетін жамбастың ортаңғы бөлігіне салып 40 мм сын. бағ қысыммен балтыраға тері астына алдымен протеолитикалық ферменттер енгізді (лидаза, трипсин, химотрипсин) изотониялық ерітіндімен 0,25%, одан кейін бензилпенициллин немесе

ампициллин 1 рет тәулігіне. Емдеу курсы 2 дең 5күнге дейін. Осылай емделген науқастар 4-5 күннен кейін жазылып шықкан, бақылаудағылар - 12-14 ші тәулігіне. Л.Д.Левин және басқа авторлар тері астына табан аймағына антибиотиктер енгізді (бензилпенициллин, бициллин -3) 4 күн 3-4 рет үзіліспен. Тілменін айқын симптомдары - лихорадка, эритема, ісіну, жергілікті ауру сезімі бұл әдісте қыска болады, рецидивтері 5 рет сирек болды. А.И.Поля және басқа авторлар тұра емес лимфатропты терапия бициллин-3 пен он нәтижесін бақылады. Препаратты 1,2 млн. бірл. 5-7 мл дозамен енгізді 0,25% новокаин ерітіндісімен тері астына 3-реттік интервалмен 3-4 күн жүргізді.

Патогенетикалық терапия

Екіншілік иммундық тапшылықта тілменің ең басты рецидивтелген сипаты иммундық коррекцияны колдануды дәлелдейды. Біріншілік және рецидивтелген тілмеде бактериалды сұйықтық индуктор интерферонын (ИИБЖиммунды модулятор ретінде колдануды ұсындық 1,0 б/е 1 рет №7 күн). Циклоферон кесте бойынша. Метилурацил - лейкоцитозды белсендерді, репарация үрдісін алшактатады, тәулігіне 2 -3 гр. 2 -3 апта кесте бойынша циклоферон тағайындалады. Витаминотерапия - аскорбин қышқылымен бірге В топ дәрумендері 15 - 20 күн тағайындалады. Антигистаминді препараттар — диазолин, тавегил, супрастин т.б.

Қабынуға карсы стероидты емес препараттарға реопирин, индометацин, диклофенак қызууды, ауыру сезімін, қабынуды төмөндөтетін қасиеті бар. Бұл препараттармен емдеу антибиотиктерапиямен бірге жүреді. Ауыр ағымды интоксикациямен жүретін тілмеде антигистаминді препараттар мен дезинтоксикациялық терапия (5% глюкоза ерітіндісі, 5 - 10% аскорбин қышқылының ерітіндісі, натрий хлорид изотониялық ерітінді) тағайындалады. Тәуліктік диурез көрсеткіші бойынша қабыну ошағында сулы сұйықтықтың мөлшерін кадағалап отыру керек.

Жергілікті терапия

Тілмеде тек дененің соңғы бөліктерінің кен буллезды элементінде жергілікті ем колдану керек. Жедел тілме кезінде ошақты тітіркендіріп, бірден экссудацияны қүшайтетін және репарацияны баяулататын Вишневский майын колдануға тыым салынған. Физиопроцедура жүргізуге болады. Ашылған көпіршіктердің бетіне 0,1% риванол ерітіндісін немесе 0,02% фурацилин ерітіндісін таулігіне бірнеше рет ауыстырып қояды. Ұзак эрозия сақталған жағдайда эрозия үстіне эпителізациялайтын, регенерациялайтын препараттар колданылады. Мысалы, винилин (Шостаковский бальзамы) тағайындалмыз. Жергілікті ем көпіршік пайда болғаннан бастап, репарация үдірісі - қабыршықтанғанга дейін жүреді.

Жергілікті емді физиопроцедурамен бірге жүргізуге болады. Патогенетикалық терапия жергілікті геморрагиялық синдром кезінде емнің басындағатімді (алғашқы 3-4 күн) болады, және ол геморрагиялармен буллалардың дамуын алдын алады. Препаратты тандау гемостаз және фибринолизге (коагуллограмма мәліметтері) байланысты жүргізіледі. Гиперкоагуляция айқын болған кезде тікелей әсерлі антикоагулянттармен емдеу көрсетілген (тері астына енгізу немесе электрофарез жолымен) және антиагрегант трентал 0,2 г дозада 3 рет тәулігіне 7-10 күн колданылады. Аурудың ерте кезеңінде фибринолиздің айқын активациясында фибринолиз ингибиторы амбен 0,25 г х 3 рет тәулігіне 5-6 күн тиімді. Айқын гиперкоагуляция болмаса, қабыну ошағына электрофареза әдісімен протеаз – контрикал және гордокс ингибиторлары енгізіледі, ем курсы 5-6 күн. УКС (УФО), УЖЖ (УВЧ), лазерлік сәулелену - қабынуға карсы, қанайналымның жылдамдығын қүшайтеді және жаңа коллатеральды қан тамырлардың биіктігін калыптастырып, закымданған ұлпадағы энергия кажетті метаболизмді белсендіреді, липидтің перекисті қышқылданған үдірісін калыптастырады.

Көрсетілген физикалық фактордың иммунды жүйеге әсері лейкоциттердің фагоцитарлы белсенділігінің жоғарлауымен, дәнекер тіннің

плазматикалық жасушаларының санының жоғарлауымен, закымданған тіннің репарациясын тездетуімен көрінеді

Тілменемен ауырған науқастарды бақылау және тексеру, стационардан шығару.

Тілменің жеңіл ағымындағы науқастарды үй жағдайында емдеуге болады. Тілменің рецидивті ағымына (бұрынғы кабыну орнындағы тері инфильтрациясы, тұракты ісіну синдромы, лимфостаз, ұлгайған және ауру сезімді лимфалық түйіндер) әкелетін қолайсыз қалдық белгілердің болмауымен көрінетін клиникалық сауығудың нәтижесінде стационарда емделген науқастарға шығарылу ұсынылады.

Келесі бақылау және диспансерлеу тұрғылықты орны бойынша жұқпалы аурулар емханалық кабинетінде жүргізіледі.

Диспансерлеуге келесі науқастар кіреді:

I диспансерлік топ - (тұракты диспансеризация) 3 айда 1 рет каралу. Жыл бойы бициллин профилактика (бициллин-5, 1,5 млн. бірлік немесе ретарпен 2,4 г-нан, бұлшық етке). 1 жылдық 3 реттік ИИБЖ емі. Тұракты ісінулер мен лимфостаз айқындалғанда кайтадан физиотерапиялық ем қолданылады. Кеш күз бен ерте көктемде қолданылатын жалпы тұрактандырығыш терапия (витаминдер, тұрактандырығыш адаптогенді препараттар – элеуторококк сығындысы, женьшень түбірінің тұнбасы). Созылмалы инфекцияның ошактарын санациялау;

Табан микоздарын, созылмалы тері ауруларымен катар созылмалы кан тамырдың жетіспеушіліктерді тыңғылықты емдеу;

II диспансерлік топ – (2-3 жыл диспансеризациялау). Жарты жылда 1 рет тексеру. Маусымдық бициллинотерапия (бициллин-5, ретарпен) және тілменің маусымдық рецидивтеріне дейінгі, егулер курсы 2 жылға дейін жалғастырылады, 2-3 аптада ИИБЖ 2 курсы. Жалпы тұрактандырығыш терапия

ерте көктемде және кешкі күзде колданылады. Созылмалы инфекция ошактарын санациялау. Қосарланған созылмалы ауруларды, әсіреле, аяқтың терілік және тамырлық ауруларын тыңғыштықты емдеу;

III диспансерлік топ – (аурумен ауырғаннан соң 6 ай ішінде диспансеризациялау). Аурумен ауырғаннан соң 1, 4, 6 айда тексеру, тілменің болжамы колайсыз түрінің калдықтарын физиотерапиялық емдеу. 1 айдан соң кайтадан ИИБЖ курсын колдану;

Осы бағдарламаны практикаға енгізудің нәтижесінде тілменің рецидивті түрімен ауыратындардың жылдық санын төмендету және рецидивтердің арасындағы ремиссия кезендерін ұзарту болып табылады.

Профилактикалық шараптар

1. Тері жабындыларының тазалығын сактау керек.

2. Жаракаттардың, жарыктардың біріншілік өнделуі, ірінді ауруларды емдеу, медициналық манипуляциялар кезінде асептика ережелерін қатаң сактау, тілменің алдын алудың бастышарттарының бірі болып табылады. Тілменің алдын алуы жаракаттан, микрожаракаттардан сактануға негізделген, яғни бұлар иммунитеті төмен адамдарда стрептококтың ену какпасына айналады. Арнайы профилактикасы жок. Эпидемиялық ошактағы шараптар карастырылмаған.

ИИБЖ қабылдаған тілменің рецидивтелген түрімен ауыратын науқастың мәліметтері:

Науқас Ж.В.

1953 жылы дүниге келген рецидивтің 2-ші күнінде мынандай диагнозбен ауруханаға түсті: он жак балтырының рецидивтелген тілменің орта дәрежелі геморрагиялық түрі. Қосарланған ауруы: табан эпидермофитиясы, созылмалы пиелонефрит. Соңғы он жылда он жак балтырының тілмелі рецидивімен

ауырады. Жыл сайын наукаста 5-6 рецидивтер болады. Соңғы жылы рецидивтер көбейіп, аралыктары 3-4 апталық болған. Рецидивтер жогары қызбамен, катерлі түрде, айқын интоксикациямен, рецидивтердің барлық түрі эритематозды-геморрагиялық кабыну ағымымен жүреді. Шағымдары: бастауруы, әлсіздік, қүйдіру сезімі, ісіну, он балтырдың гиперемиясы. Жағдайы нашар, аздал тежелген, сұрактарға киын жауап береді. Түскен күнгі температурасты – 39,6°C, терісі бозғылт, беті қызарған. Жүрек тондары тұйықталған, ырғагы қалыпты. АҚ – 110/70 мм. с.б., пульсі – 106. Он жақ балтырдың, артқы және ішкі беткейінің ортасы мен тәменгі үштен бір бөлігінде айқын гиперемия, ол бүкіл балтыр-табан буын аймағына және табанның ішкі, сыртқы беткейіне жайылады. Эритема сау теріден анық шектелген, жиегі тегіс емес, алауланған. Балтырдың артқы жағында екі көпіршік (көлемі 8x7 см және 3x4 см). Көпіршіктер сарғыш, мөлдір сұйықтықта толы. Он балтыры мен табаны бірден ісінген. Эритема аймағындағы тері ыстық инфильтратталған, пальпациялағанда ауыру сезімді. Тізеден шап қатпарына дейін, санның ішкі бөлігінен лимфангойт. Пальпациялағанда көлемі бұршақ тәрізді, ауыру сезімді шаптық лимфа түйіндер тарайды. Клиникалық диагноз: он жақ балтыр мен табанның рецидивтелген тілмесі, эритематозды-буллезды түрі, ағымы таралған (ауыр ағым). Түскен кезден бастап наукас роцефин 1,0 грx2 рет күніне 7 күн бұлшықетке, антигистаминді препараттар, В тобының витаминдері, стероидты емес кабынуға карсы препараттар және сұйық бактериальды интерферон индукторы (ИИБЖ) 1,0 мл бұлшықетке күніне. Стационарға түскеннен кейінгі 3 кунде наукаста бастың ауыруы койып, температурасты тұрактанып, әлсіздігі жойылып, аяғының ауру сезімі азайды. Стационарда жатқан 4-ші күнінде көпіршікшелер жарылып, олардың орнында қабыршактар пайда болып, эрозиялар мен тыртықсыз аурудың 10-11 күні түсे бастады. Гиперемия – аурудың 7-ші күнінде, балтырдың ісінуі аурудың 12-ші күнінде жойылды. Қанның жалпы анализінде лейкоцитоз ($11,7 \times 10^9/\text{л}$), зәрдің жалпы анализінде ақуыз – 0,33%, л-14-15 аланында, Нечипоренко бойынша л – 5000. Шығарылу кезінде барлық анализдері қалпына келді. Наукас стационарға түскеннен соң 12-

ші күні жалпы жағдайы қанағаттанарлық болған соң шығарылды. Оң балтыр аймағындағы ісіну, гиперемия қайтып, терінің түлеуі және пигментациясы қалды. Науқас амбулаторлы қаралып, әр 4 ай сайын ИИБЖ-н профилактикалық емін жыл бойы қабылдады. Осы емдерді қабылдағаннан соң 3 жыл бойы ешкандай рецидив байқалмады.

Қайталамалы тілменің мысалы

Науқас Б., 65 жас, зейнеткер, ауруының 2 ші күні бас ауру, әлсіздік, он колдағы үйкеліс сезімі, иық және иық алды аймағы терісінің қызаруына шағымданып госпитализацияланды. Жедел ауырды: он колда ауырлық сезімі пайда болып, «терінің тесілу, күйдіру» сезімі, иық және он қол басы аймағындағы қыздыру сезімі болды. 2-3 сағаттан кейін қатты калтырау, жүрек айну, құсу мазалады. Иықтың төменгі аймағы және қол басының жоғарғы бөлігінде бір уақытта гиперемия пайда болды. Дене температурасы $39,3^{\circ}\text{C}$ көтерілді. Аспирин, стрептоцид ішті, бірақ жағдайы жаксармады. Екінші күні дене температурасы $38,8 - 39,5^{\circ}\text{C}$ тұракталды, бас ауру, он колдағы ауру сезімі, кезеңдік жүрек айну, бір реттік құсу болды. 2- ші күннің соңында гиперемия қеудеге, арқаға, жауырынға жайылды. 3 жыл бұрын радикальды мастиектомия операциясын өткөрген, операциядан кейін он колда жедел лимфостазом дамыған. Бір жылдан кейін бірінші рет тілменен ауырды. Амбулаторлы емделді. Бір жыл өткесін аурудың бірінші рецидиві ауыр өтті. Стационарда емделді.

«Рецидивті тілме он колда эритематозды формасы» Инт.2 саты. Диагнозымен жатқызылды. Қосалқы диагнозы: Мастиектомия он сүт безінін.

Түскен кезде жағдайы ауыр. Дене температурасы - $39,5^{\circ}\text{C}$, Пульс 110 ритмді А/Д 110/60 сн.б. Интенсивті эритема сакталған. Эритема фонинда көп ұсақ геморрагиялар. Он қол ұлғайған, ісіну мен лимфостазға байланысты. Исік тығыздалған. Клиникалық диагноз: Рецидивті тілме онколжәне қеуде торында эритематозды геморрагиялық формасы ауыр ағымды, Интоксикация 2 саты.

Емі: цеф 3 - 1,0x2 реттенб/е гентамицинмен дезинтоксикациондыжәне десенсибилизациялық терапия, сонымен катар индуктор интерферон бактериальды сұйықтық 1,0 - 1 р күніне 7күн.

Аурудың 3-ші күні ЖҚА : л.-10,2*10.9/л, п. -9%, с.-70%, лимф. 14%, мон. -7%, СОЭ- 22 мм./с. Температура түсті, интоксикациялар жойылды, 5 ші күні температура нормаға келді. 8-ші күні тілменің жергілікті және жедел көріністері жойылды. Теріде пигментациялар ,ісік , лимфостаз сакталды. 12 ші күні анализдер, л. 7,9*10,9/л, п 3%, с 72%, лимф. 18%, мон. 6%, СОЭ 18 мм. с. 15 ші күнінауқас қанағаттанарлық жағдаймен үйге шығарылды.

З айдан соң ИИБЖ қайталаамалы курсын алды, 1 жылдан соң ИИБЖ курсын тағы алды. Соңғы 2 жыл ішінде рецидивтер болмады.

«Тілме» тақырыбы бойынша тапсырмалар

Тапсырма №1

Наукас Н. 30 ж.емханаға 15.09.2013 ж. келді, қызару,ісіну,он қолдың үлкен саусағында тартылатын және ашытатын ауру сезіміне шағымданады. 12.09. 2013 ет бөліп жаткан кезде колын жарактап алған соң ауырды.

Объективті: Науқастың жағдайы канагаттанарлыққа жақын. Температура 36,6° С, интоксикация жок . Statuslokalis: Он қолдың үлкен және сұқ саусағының аймағында ашық қызыл ісіну тері инфильтрациясымен 1-2 см қөлемде. Саусактың бүкіл аймағы әритематозды сақинадан ортаға қарай қызыл түс көкшіл бояумен және жеңіл ісінумен көрінеді. 5 күннен кейін ем басталғаннан әритема және субъективті көріністер жойылды,жазылды.

1. Қандай диагноз сәйкес келеді?

Тапсырма №2

Наукас М.. 37 жас , емханаға ауруының бірінші күні дене қызуының жогарлауы,калтырау, әлсіздік, бас ауруга шағымданып түсті. Қызу,қызару,сол батырдағы ісінуді айтты. Қарап тексеру кезінде науқастың жағдайы ауыр, температурасы 40,0° С, тахикардия.

Statuslokalis: Сол балтыр аймағында,табан және жамбасқа дейін әритема анық шекарамен . Эритеманың шеттері «жалын тілшелері» түрінде жамбасқа тарапады. Жамбастың ішкі беткейінде гиперемияланған жолактар көрінеді,грек жанғағына ұқсас ұлғайған ауру сезімді лимфа түйіндері пальпацияланады. Балтырдың алдынғы беткейінде бірнеше ірі көпіршіктер серозды құраммен анықталады.Жалпы қан анализінде : лейкоцитоз 10,9x 10¹¹ мкл де, СОЭ 28 мм/с. Емдеу барысында температура 4 ші күні түсті. Эритема 6 шы күні азайды,көпіршіктер кеүіп орнында кара қабыршық калды. Науқастың табан микозымен ауыратыны анықталды,суықтауға байланысты.

1. Қандай диагноз сәйкес келеді?

2. Тиімді емдеу тәсілін тандаңыз ?

Тапсырма №3

Науқас Г., 65 жас ,мұрын ұшында ауру сезімді қызаруды байқайды,кейін қалтырау, температурасы 38.0°C көтеріледі. Есінің бұзылуын,сандырақ, температурасының 40.0°C дейін жоғарлауы пайда болады . Аурудың 3-ші күні кабактың аймағында,дәлірек сол көзде инфильтрацияның пайда болуына байланысты стационарға жіберілді. Түскен кезде жағдайы ауыр,есі анық емес,сандырақ,көзін аша алмайды,кабактарында көкшіл тығыз инфильтрат. Аурудың жедел басталуы,кабакта тығыз инфильтрат анықталады,тромбталған қан тамырлар, мандай,шеке аймағында коллатералдың пайда болуы, жоғары лихорадка,қанда лейкоцитоз 23×10^9 в 1 мкл, СОЭ 30 мм/с.

1. Қандай диагноз сәйкес келеді?

Тапсырма №4

Науқас Б., 57 жас, жедел ауырды 13/12 айда; Қалтыраумен, температура 40.0°C , мандайдың сол бөлігінде,бастың шашты аймағында ұшқіл жүйке бұтағы бойымен тескен тәрізді ауру сезімі,ұсак дактар мазалады. 2-ші күні - везикулярлы бөртпе,жарылған көпіршіктер орнында ұсак некроздар түзілді,кеш кабыршық пайда болды. Стационарға екінші күні орташа ауыр жағдайда түсті. Беттің сол бөлігінде,мандай және бастың шашты бөлігінде ұсак дактар жоғары пигментациямен,ұсак көпіршіктер, кабыршактар,некроздар. Ауру синдромы 4-5 ші күні карқынды, акырындан жойылды. Лихорадка 3 аптаға созылды , 35 ші күні ауру синдромы азайды . Түскен кездегі қан анализілейкоцитоз $10,6\times10^9$ в 1 мкл, СОЭ 22 мм/с

1. Қандай диагноз сәйкес келеді?

Тапсырма №5

Науқас М., 23 ж. бет тілмесіне күдікпен жұқпалы аурулар бөлімшесіне жіберілді. Қалтырау, температура $38,5 - 39,6^{\circ}\text{C}$ жетті,бетте «көбелек» тәрізді эритема, буындарда ауру күшейді. Келесі күні температура $38,0-39,0^{\circ}\text{C}$

шегінде, таңертеңгілік төмендеуімен болды. Денеде симметриялы папулезды-уртикарлы бөртпе, буындағы «ұшқын» тәрізді ауру сезімі, жұтыну киындалды. Ентігу 26 соккы мин.т.'әлсіздік, ауыз шырышты қабатында геморрагиялар. Жағдайы ауыр жалғасуда. Эритема орнында күміс тәрізді чешуйка, гиперпигментация аймактары. Канда: лейкоцитоз $8,3 \times 10^9/\text{мкл}$, нейтрофиллез, СОЭ 40-55 мм/с.

1. Қандай диагноз сәйкескеледі?

Тапсырма № 6

Науқас, 33 ж, 20 желтоқсан аурудың 2-ші күні бас ауруына, қызуға, беттегі жағымсыз сезім, ісінуге шағымданып түсті. Жедел ауырды, суыктаудан кейін калтырап, бас ауру, температурасы $38,0^\circ$ көтерілді. Объективті: температура 38° . Жағдайы орта ауыр. Селқос, беті гиперемирленген, көзін аша алмайды. Бette серозды сұйықтықпен ірі көпіршіктер, жүрек тоны түйік, пульс 110 1 мин., өкпеде везикулярлы тыныс.

1. Қандай диагноз сәйкескеледі?

Тапсырма №7.

Науқас Я., 55 ж, 6-шы күні ауруханаға түсті. Түскен кездегі шағымдары: катты әлсіздік, бас ауру, сол балтыр және табандағы ауру сезім, температуралың жоғарлауы. Жедел ауырды, сол балтыр бұлшықеттерінде діріл, бас ауру, суық тер болды. Кешке температура 40°C көтерілді, аспирин ішті, халық еммен емделді. Температура түспеді. Келесі күні температура $40,2^\circ\text{C}$ жоғарлады, аяқта сыздап ауру сезімі пайда болды, гиперемия, сол балтыр, табанда ісінү болды. Созылмалы тонзиллитпен ауырады. Лимфа түйіндер $1,5 \times 1,5$ см ұлғайған.

Statuslokalis: Сол балтыр және табанда айқын гиперемия, айқын ісіну, терісі ұстағанда ыстық, ауру сезімді, флюктуация байқалады.

ЖҚА: Лейкоцит - $16,0 \times 10^9/\text{л}$, СОЭ - 27 мм/с.

1. Қандай диагноз сәйкес келеді?
2. Қандай асқыну туралы ойлауға болады?

Тапсырма №8

Науқас А., 40 ж, аспазшы. 3-ші күні қатты бас ауруға,бас айналу,әлсіздік, температура 38.8°C жоғарлауы, бет аймағындағы сыйдалап ауру сезіміне шағымданып түсті. Екі күн бұрын ауырған,температурасы 38.8°C көтеріліп, қатты бас ауырып,әлсіздікпен,бас айналу,беттің қызаруы,ісінуі болды. Димедрол, аспирин, анальгин ішкен, температура 37.0°C түскен. Бірақ ісіну мен гиперемия көз айналасына тарады. Төрт ай бұрын бет тілмесі болған,пенициллинмен емделген.

Statuslokalis: айқын эритема, бетте,мұрында ісіну, тері ауру сезімді,ыстық,он бетте көпіршіктер. Жақ асты лимфа түйіндері $1,5 \times 1,5$ см ұлғайған,ауру сезімді. Зші күні нейтрофильді лейкоцитоз аныкталды,СОЭ - 14 мм, зәрде - лейкоцит,бүйректік эпителий.

1. Қандай диагноз дұрыс келеді?
2. Емдеу жоспарын құр.

Тапсырма №9

Науқас У., 51 ж, жүргізуші. Аурудың 3-ші күні түсті . Түскен кезде: жағдайы ауыр, температура 39.6°C , тахикардия, пульс 130 рет мин., АД - 95/60 мм.рт.ст. Сол кеуде аймағында тері гиперемиясы, кен геморрагиялар. Қызарудың шеттері тегіс емес,артқы және сыртқы беттерінде бірнеше сары,кара құрамды көпіршіктер. Сол жағында лимфа түйіндері ұлғайған және ауру сезімді. 40 жасында бет тілмесін өткерген.

- 1 . Қандай диагноз сәйкес келеді?
- 2 . Қандай аурумен салыстыру кажет?

Тапсырма № 10

Науқас С., 48 жас, баспадан айыққаннанкейін бір аптадан соң жедел ауырды, температурасы $38,8^{\circ}\text{C}$ көтерілді. Келесі күні сол балтырда ауру сезімі, ісіну, тері гиперемиясы пайда болды. Аурудын 3-ші күні қызару аймағында түссіз құрамды көпіршік түзілді. Көп жылдар бойы сол балтырдың терен өзгерістерімен, қантты диабетпен ауырады.

1. Қандай диагноз сәйкескеледі?
2. Қандай аурумен салыстыру кажет?

Тапсырма № 11

Науқас Г., 57 жас, жедел ауырды, температурасы $39,5^{\circ}\text{C}$ көтеріліп калтырады. Аурудын 2-ші күні он балтырда ауру сезімі, гиперемия терінің қалындауы, түссіз құрамды көпіршік түзілді. Балтыр жаракаты себеп болды. Жиі баспамен ауырған.

1. Қандай диагноз сәйкес келеді?

Өзінің білімін тексеруге арналған тест сұрақтары

1. Кандай ауруды емдеген кезде пенициллин тағайындалады?

- а) тілме
- б) бруцеллез
- в) іш сүзегі
- г) Ку лихорадка
- д) токсоплазмоз

2. Тілмене жиі тән белгі ?

- а) эритема
- б) везикула
- в) пустула
- г) карбункул
- д) жара

3. Тілменің жиі орналасатын орны ?

- а) арқа
- б) қолдар
- в) бет
- г) аяктар
- д) жамбас

4. Тілмене аса тән симптом?

- а) тері гиперстезиясы
- б) дақты эритема
- в) анық шекаралы эритема
- г) коныр қызыл жаралар
- д) көпіршік

5. Түйнеге тән симптом ?

- а) лимфангит
- б) ауру сезімді карбункул
- в) кара струп түзілуі
- г) анық шекаралы гиперемия
- д) аймактық лимфа түйіндерінің ауырыу

6. Тілмене тән белгілер?

- а) жүйке бағаны бойымен ауру сезімі
- б) ұзак ауру синдромы
- в) жүйке бағаны бойымен ұсак көпіршіктер
- г) серозды құраммен ірі көпіршіктер
- д) ауырмайтын карбункул

7. Біріншілік тілменің ерте симптомы:

- а) теріде әрitemаның пайда болуы
- б) ЗАКЫМДАНГАН ошакта ауру сезімі
- в) температураның көтерілуі қалтыраумен
- г) ЗАКЫМДАНГАН ошакта жұмсақ тіңдердің ісінуі
- д) регионарлы лимфотүйіндерде ауру сезімі

8. Тілме ауруына қандай асқыну тән?

- а) ұйқышылдық
- б) кан кету
- в) жаралар
- г) флегмона
- д) лимфорея

9. Тілменің терапиясында эффективті зат:

- а) делагил

б) пенициллин

в) ремантадин

г) витамин

д) гормон

10. Тілменің жиі асқынуына жатады:

а) абсцесс

б) қансырау

в) шок

г) лимфостаз

д) кара струп

11. Тілме кезіндегі эритеманы сипатта ?

а) қызарған терінің шекарасы анық емес бөлігі

б) тегіс емес шеттермен анық шектелген бөлігі

в) шекарасы анық емес терінің жайылған гиперемиясы

г) терасты қабатының ісінуімен терінің қызарған бөлігі

д) гиперемия ортасында айқын шетіне қарағанда

12 . Тілменің емінде тандаулы препарат :

а) пенициллии

б) стрепомицин

в) бисептол

г) метронидазол

д) ампициллин

13 . Біріншілік тілмеден кеін қанша уақытта қайталамалы тілме пайда болады?

а) 1 айдан кейін

б) 1 жылдан көп

в) 2 аптада

- г) 2 жылдан көп
- д) 10 жылдан кейін

14. Тілме кезіндегі инфекция көзі:

- а) құстар
- б) ауру адам
- в) жануарлар
- г) карапайымдылар
- д) гельминт

15. Тілменің жиі асқынуы:

- а) лимфостаз
- б) тромбофлебиты
- в) гангrena
- г) қансырау
- д) бөртпе

16. Тілменің диагностикасы:

- а) клиникалық симптомдары
- б) микроскопиялық анализ
- в) биологиялық анализ
- г) вирусологиялық анализ
- д) серологиялық анализ

17. Тілмеге аса тән симптом

- а) жара
- б) эритема
- в) пустула
- г) карбункул
- д) везикула

18. Тілмені емдеу принциптері:

- а) антибактериалды терапия
- б) дезинтоксикационды терапия
- в) закымданған бетте жакпаның жиналуды
- г) вакцинотерапия
- д) физиотерапия

19. Тілме кезіндегі перефериалық кандағы өзгерістер:

- а) лейкопения
- б) лимфоцитоз, моноцитоз
- в) лейкоцитоз нейтрофильдің солға жылжуымен
- г) СОЭ өзгеріссіз
- д) Нормоцитоз

20. Тілмеде кандай физиоем колданылады :

- а) УФО
- б) УВЧ
- в) батпак
- г) радон ваннасы
- д) электрофорез

21. Тілме клиникасында қандай синдром кездеседі:

- а) интоксикационды синдром
- б) терінің закымдану синдромы
- в) гиповолемиялық
- г) астено-вегетативті синдром
- д) ісіну-асциттік

22. Эризипелоидқа тән симптом?

- а) эритема
- б) аурұ симптомы
- в) көкшіл түстес дақты эритема

г) симптомы «маржан алқасы»

д) «студневид ісіну»

23 Қандай адамдар тілме ауруына бейім?

а) асқазан жарасы ауруы

б) кант диабеті

в) гипертониялық ауру

г) спецификалық емес ойық жаралы колит

д) ішек инфекциясы

24. Тілме инфекция аурулардың ішінде қай топқа жатады?

а) кан

б) ішек инфекциялары

в) ауа-тамшылы инфекциялар

г) әртүрлі беріліс жолдарымен

д) сырткы жабындар

№	жауаптар	№	жауаптар
1	A	16	A
2	A	17	Б
3	Г	18	A
4	B	19	B
5	B	20	A
6	Г	21	A
7	B	22	B
8	A	23	Б
9	Б	24	Д
10	A		
11	Б		
12	A		
13	Г		
14	Б		
15	A		

№	Жауаптары
1	Эризипелоид
2	Сол балтырдың эритематозды-буллезді тілмесі (орташа ауырлықтағы формасы, 2 сатысы
3	Беттің терен өнегінен тромбозы
4	Белдемелі теміреткі (Herpes zoster)
5	Жүйелі қызыл жегі
6	Біріншілік беттің эритематозды-буллезді формасы. Инт.2 кат.
7	Сол балтырдың біріншілік тілмесі эритематозды формасы орташа ауырлықта Инт. II кат.
8	Беттің рецидивті эритематозды - буллезді формасы. Орта ауырлықта. Интоксикация II кат
9	Қайталамалы буллезді-геморрагиялық тілме сол балтырда, ауыр ағымды.
10	Біріншілік эритематозды-буллезді тілме сол балтырда. Орта ауыр ағымды.
11	Біріншілік эритематозды-буллезді тілме . Орта ауыр ағымды.



29 - сүрет. Көп түрлі эритема (өзіндік бақылау)



30 – сүрет. Эксудативті полиморфты эритема



31- сұрет. Сепсис (өзіндік бақылау)



32 - сұрет. Буллезді Левер пемфигусы



33 - сүрет. Пастереллез біріншілік ошақтық терілік формасы (өзіндік бакылау
2023ж)



34 - сүрет. Клебсиеллездің біріншілік ошақтық терілік формасы
(А.М.Дмитровский стандартты жағдайды анықтау ОИ, СДС, 2008)



35 - сүрет. Көнелік борелиоз (Лайма ауруы)



36 - сүрет. Көп түрлі эритема (өзіндік бакыла



37 - сурет. Оң балтырдың рецидивті тілмесі әритематозды формасы орташа ауырлықта (өзіндік бақылау)



38 - сурет. Төменгі аймақтың трофикалық өзгерістері (трофикалық жаралар)
(өзіндік бақылау)

- 1 . Клиникиның ерекшеліктері және қызыл иектің диагностикасы: әдістемелік ұсыныстар / Мәскеу Денсаулық сақтау департаменті. 2017.
 - 2 . Плавунов Н. Ф., Кадышев В.А., Чернобровкина т. я., Прокурина л. н. клиникиның ерекшеліктері және дифференциалды диагностика. Шолу // ішкі аурулар мұрағаты. 2017. № 7(5). 327-339 ББ.
 - 3 . Ишкова и.А., Кляритская и. Л., Цапяк Т. А., Кривой В. В. А тобының стрептококк инфекциясы: оның мәні мен диагностикасы // Қырым терапевтік журналы. 2021. № 1. 32-36 бет.
 - 4 . Гришина Е. Е., Сухова Т. Е. беттің қызылиек қабынуы. Офтальмолог нені білуі керек? // РМЖ. Клиникалық офтальмология. 2018. № 2. 155-160 ББ.
 - 5 . Ершовиченков А.А., Потекаева С. А., Анохина г. И. және т. б. қазіргі заманғы клиникиның өзекті аспектілері, науқастарды емдеу және оналту // Фарматека. 2012. № 20. 62-67 ББ.
 6. Ющук Н.Д., Венгеров Ю.Я., Аликеева Г.К. Инфекционные болезни/2-е изд., перераб. и доп..-М.: ГЭОТАР-Медиа, 2011.-50 экз.
 - 7.. Покровский В.И., Пак С. Г., Брико Н. И., Данилкин Б. К. Инфекционные болезни и эпидемиология / 2-е изд. — М.: ГЭОТАР-Медиа, 2004.-149 экз+19 (2003).
- 3.
- Покровский В.И., Пак С. Г., Брико Н. И., Данилкин Б. К. Инфекционные болезни и эпидемиология / 2-е изд. — М.: ГЭОТАР-Медиа, 2007.-107 экз.
4. Венцель Р.П. Внутрибольничные инфекции: монография. -2-е изд., перераб. и доп.-М.: Медицина, 2004.- 5 экз.
 - 8.. Ссылка (<http://ru.freepik.com/free-photos-vectors/medical>,
 9. Бережная Н.М. ,Чехун В.Ф. Система интерлейкинов Ирак,- Киев: Дисс. док.мед. наук.2000.-224с.

10. Богомолов Б.П. Дифференциальная диагностика инфекционных болезней. М., 2000 г.
11. Влияние рекомбинантного интерлейкина-2 на состояние иммунитета и гемостаза у больного рожистым воспалением. Емельянова А.Н., Витковский Ю.А., Кижло Л.Б., Сергеева Э.И //Бюллетень Вост.- Сиб. Научного Центра СО РАМН,- 2001.,№4-C.21-24. 9.
- Жуманбаева Г.К., Сыздыков М.С., АлиакпаровМ.Т. Экстракорпоральные и иммуномодулирующие методы в комплексной терапии больных рожей в экологически неблагополучных промышленных зонах: Монография - Караганда. 12.
- Жуманбаева Г.К., Сыздыков М.С.. АлиакпаровМ.Т. Сравнительная оценка эффективности методов лечения рожи с целью профилактики рецидивов и осложнений: Монография,№6083-Ка95.-Алматы, 1995. -165с. 11.
- Иммунологические аспекты патогенеза рожистого воспаления в сочетании микробной экземой / Фазылов В.Х., Куклин В.Т., Гилмулина Ф.С, Мигранова Г.М.. //Рос.ж. кож. и Венер. Болезней. - 2000, № С 12. Клиническое течение современной рожи / Королев М.П., Спесивцев Ю.А., Конычев А.В., Толстов О.А// Нерешенные вопросы неотложной хирургии и эндовидиохирургии. - 1998.С. 153-154.
13. Погорельская Л.В., Турьянов М.Х., Корсун В.Ф., Ноева Н.А., Рожа: клиника, диагностика, лечение.фитотерапия. //Учебно- методическое пособие // 1996.-48с.
14. H.Tassler. Comparative efficacy and safety of oral fleroxacin and amoxicillin clavulanate potassium in skin and soft tissue infection //Amm. J. Med.-2003.-v.94.-№ 3а-Р. 159-165.
- 15.Norrby teglund A., Correlation between serum TNF alpha and GL- 6 llevels and severity of group A streptococcal infections // Scans J. Infect. Dis.-1995/-v.27.-№2.-Р. 125-130.

16. В.Е.Рычнев. В.М.Фролов. Изменение гранулоцитопоэтической системы при рожистом воспалении. - Врачебное дело, 1992, № 6. С. 54 -56. и химиотерапия. - 1992.№ 5.-С. 44-46.
17. Потапов Л.В., Решетов А.В., Тонс В.В. Эффективность ультрафиолетового облучения крови в комплексном лечении рожистого воспаления // Вестник хирургии им.И.Грекова - 1992,-№7-8.-С.84-85.
18. F. Sjoblom et. Al. Infection with group A streptococcus //Nord. Med.-2005-v. 110.- №2.-р 5-52
19. Егорова В.Н.,Летягина О.В., Смирнов М. Н. Ронколейкин - рекомбинатный интсрлейкин -2 человека - эффективное средство коррекции иммунодефицитов. //«Российский национальный конгресс» Человек и лекарство». Москва,1998. Тезисы докладов - М.,1998.-С.486.
20. Шувалова Е. П. Инфекционные болезни. М.. 2001,2005 гг.
21. Руководство по инфекционным болезням. Под ред. В. И. Покровского. М.: 2000 г.
22. Шувалова Е. П., Змушко Е. И. Синдромная диагностика инфекционных за болеваний.С.-П., 2003 г.
23. Cytokine profiles as markers of disease severity in sepsis: a multiplex analysis / F.A. Bozza et al // Crit Care. 2007. - Vol. 11, N 2 . - P. 49.
24. Determinants of severity for superficial cellulitis (erysipelas) of the leg: a retrospective study / P. Musette et al // Eur J Intern Med. — 2004. Vol. 15, N 7. - P. 446-450.
25. Dupuy A. Descriptive epidemiology and knowledge of erysipelas risk factors / A. Dupuy // Ann. Dermatol. Venereol. (France) — 2001. -Vol. 128, N3-4.-P. 312-316.
26. Erysipelas. Retrospective study of 647 patients / I. Zaraa et al // Tunis Med.

Белгілер үшін